



**ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ АЗАМАТТЫҒЫ
ЖОҚТЫҚ МӘСЕЛЕСІ:
ҰЛТТЫҚ ЗАҢНАМАНЫ ТАЛДАУ**

3-ші басылым

МАЗМҰНЫ

АЛҒЫСӨЗ	5
АЗАМАТТЫҚ ЖӘНЕ АЗАМАТТЫҒЫ ЖОҚТЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӨНІНДЕГІ ҰЛТТЫҚ ЗАҢНАМАНЫҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ СТАНДАРТТАРҒА СӘЙКЕСТІГІН ТАЛДАУ	9
АЗАМАТТЫҚ ЖӘНЕ АЗАМАТТЫҒЫ ЖОҚТЫҚ САЛАСЫНДАҒЫ ЖАҚСЫ ЗАҢНАМАЛЫҚ ТӘЖІРИБЕЛЕР ТУРАЛЫ АҚПАРАТ	53
АПТРИДТЕРДІҢ МӘРТЕБЕСІ ТУРАЛЫ КОНВЕНЦИЯ	79
АЗАМАТТЫҒЫ ЖОҚТЫҚТЫ ҚЫСҚАРТУ ТУРАЛЫ КОНВЕНЦИЯ	96

Қымбатты Оқырман,

Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясы әр адамның азаматтыққа құқығы бар деп жариялайды. *Ешкімді де азаматтығынан немесе азаматтығын өзгерту құқығынан еріксіз айыруға болмайды.* Алайда қатал шындық сол, бүкіл әлемде миллиондаған адамдарға, олар қандай да бір мемлекеттің азаматы болып танылмағандықтан (азаматтығы болмағандықтан), адамның ең негізгі құқықтары берілмеген. Азаматтығы жоқ адамдар тұрақты дамудан тыс қалу қаупі жоғары қоғамның ең осал топтарына жатады.

Азаматтықтың болмауы Қазақстан Республикасында және көршілес мемлекеттерде көп дәрежеде Кеңестер Одағының ыдырауының нәтижесі болды. Көптеген адамдар Қазақстанның немесе басқа мирасқор мемлекеттің азаматтығын растаса немесе алса, кейбіреулер құқықтық анықсыздық жағдайында қалып отыр. 2009 жылғы Ұлттық халық санағына қатысқан 57 000 респондент өздерін азаматтығы жоқ адамдар ретінде айқындады.

Азаматтықты тек мемлекеттер ғана бере немесе растай алатындықтан, азаматтықтың болмауына жол бермеу және оны азайту бойынша олардың ынтымақтастығы шешуші маңызға ие. Бұл саладағы озық тәжірибе мен халықаралық ниеттестікті осы жинаққа енгізілген екі әмбебап шарт реттейді: *Апатридтердің мәртебесі туралы 1954 жылғы Конвенция* және *Азаматтығы жоқтықты қысқарту туралы 1961 жылғы Конвенция*. 1961 жылғы Конвенцияның 60 жылдығын атап өте отырып, Біріккен Ұлттар Ұйымына мүше мемлекеттердің көбі бұл екі конвенцияны жүзеге асыру бір ұрпақ бойы азаматтықтың болмауын жоятынын түсіне отырып¹, екі конвенцияның да қатысушылар санына қосылуда.

2014 жылы сол кезде Босқындар ісі жөніндегі Жоғарғы комиссар, ал қазір Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас хатшысы Антониу Гутерриш азаматтықтың болмауын 2024 жылы жою үшін мемлекеттермен бірге #IBelong жаһандық науқанын бастағанда дәл осы мақсатты жариялады. Науқанның жаһандық

¹ 2023 жылғы 10 сәуірдегі жағдай бойынша, Апатридтердің мәртебесі туралы 1954 жылғы Конвенцияға 96 мемлекет және Азаматтығы жоқтықты қысқарту туралы 1961 жылғы Конвенцияға 78 мемлекет (Армения, Әзірбайжан, Грузия, Латвия, Литва, Молдова Республикасы, Түрікменстан және Украинаны қоса алғанда) қатысушы болып табылады.

іс-қимыл жоспарында азаматтықтың болмауының қазірде бар жағдайларын реттеу мен азаматтықтың болмауының жаңа жағдайларын болдырмау үшін мемлекеттер қабылдауы тиіс он іс-қимыл бар.

#IBelong науқанын іске қосқан сәттен бері Қазақстан азаматтықтың болмауы мәселесін шешу мен оны болдырмауда үлкен прогреске жетті. 2019 жылғы қарашада Қазақстан балалардың тууын олардың ата-аналарының құқықтық немесе құжаттық мәртебесіне байланыссыз жалпыға бірдей тіркеуді қамтамасыз ету үшін ұлттық заңнамаға өзгерістер енгізді. 2020 жылғы қыркүйекте Қазақстан азаматтықтың болмауын анықтаудың ұлттық механизмін енгізді.

2020 жылғы қазан мен 2022 жылғы мамыр аралығында Ішкі істер министрлігінің Көші-қон қызметі комитеті Әділет министрлігімен және БҰҰ Босқындар ісі жөніндегі агенттігінің серіктестерімен² тығыз ынтымақтастықта жұмыс істей отырып, азаматтық жоқтық проблемасын анықтап шешу мақсатында азаматтығы айқындалмаған тұлғаларды анықтау және оларды құжаттандыру бойынша жалпыұлттық науқан жүргізді. Нәтижесінде 8 822 азаматтығы белгісіз азамат есепке алынды; 4 868 адам Қазақстан азаматтығын растады; және 2 683 тұлғаға азаматтығы жоқ мәртебесі берілді, бұл оларға негізгі құқықтар мен қызметтерге қол жеткізуге мүмкіндік береді.

Мәртебелі Президент Тоқаев 2022 жылдың қыркүйегінде өзінің халыққа арналған Жолдауында Қазақстан барлық адамдардың негізгі құқықтарын құрметтеуге және оларды жетілдіру мен нығайтуды жалғастыруға бейілді екенін тағы да баса айтып өтті, бұл елдің және оның халқының бейбіт, тұрақты дамуы үшін маңызды. Осылайша, Қазақстан Үкіметі 2022 жылғы сәуірде қабылдаған Адам құқықтары мен заңның үстемдігі саласындағы одан арғы шаралар жоспары азаматтығы жоқ адамдарға қатысты мәселелерді қамтиды.

Біздің азаматтығы жоқ адамдарды айқындау және қорғауда мемлекеттерді қолдау және қадағалау, азаматтықтың болмауына жол бермеу және оны азайту бойынша Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблеясы берген

² Адам құқықтары мен заңдылықты сақтау жөніндегі Қазақстан халықаралық бюросы және «Сана сезім» әйелдер бастамаларының құқықтық орталығы.

жаһандық мандатымызға сәйкес, БҰҰ БЖКБ Қазақстанның ұлттық заңнамасының Халықаралық азаматтық және азаматтығы жоқ стандарттарға сәйкестігіне осы жаңартылған³ талдауды әзірлеп отырып қалған үш ұсынымды айқындады:

1. Қазақстанның заңнамасы мен тәжірибесіндегі апатрид анықтамасын 1954 жылғы Конвенцияның анықтамасымен сәйкестендіру, ол бойынша адам «қандай бір мемлекеттің заңына сәйкес оның азаматы болып саналмаса» апатрид деп анықталады. Бұл апатрид анықтамасы халықаралық әдеттегі құқықтың бөлігі болып табылады, сондықтан 1954 жылғы Конвенцияға қатысушылар үшін ғана емес, барлық мемлекеттер үшін де міндетті болып табылады.
2. Қазақстан Республикасының азаматтығы туралы заңда балалардың азаматтығы жоқтығын қоса алғанда, азаматтығы жоқтыққа алып келетін қолданыстағы құқықтық олқылықтарды жою. Халықаралық стандарттарға сәйкес, Қазақстан азаматтығына қабылдау жағдайда, сондай-ақ Қазақстан азаматтықтан шығу, жоғалту және азаматтығынан айыру жағдайларда азаматтығы жоқтыққа қарсы қолданыстағы құқықтық кепілдіктерді күшейтуді ұсынады. Азаматтық туралы заң *Бала құқықтары туралы 1989 жылғы Конвенцияға* қатысушы мемлекет ретінде Қазақстанның міндеттемелеріне сәйкес туған сәтте азаматтығы жоқтықтың алдын алуы тиіс.
3. Азаматтығы жоқ адамдарды натурализациялау шарттары мен рәсімдерін жеңілдету. Құжаттамалық дәлелдемелерге қойылатын талаптарды қысқарту, тұру мерзімі талаптарын қысқарту немесе алымдарды азайту ұлттық заңнаманы халықаралық стандарттарға толық сәйкестендіреді.

Осы есепте қамтылған қорытындылар мен ұсынымдар Қазақстанға өзінің ұлттық заңнамасы мен практикасын халықаралық стандарттарға толық сәйкестендіруге қолдау көрсетуге арналған. Егер жинақталған қарқын сақталса, Қазақстан тұрақты даму мақсаттарына "Ешкімді артта қалдырмау" үшін 2030 жылға дейінгі кезеңге арналған күн тәртібін іске асыруға елеулі

³ Бірінші басылым 2021 жылдың желтоқсанында, екіншісі – 2022 жылдың қыркүйегінде жарық көрді

үлес қоса отырып, 2024 жылғы #IBelong науқанның соңына қарай науқанның барлық мақсаттарына қол жеткізе алады.

Азаматтықтың болмауын қысқарту мен оның алдын алу және адам құқықтары жөніндегі халықаралық құжаттарға біртіндеп қосылу жетістіктерін негізделе отырып, БҰҰ БЖКБ Қазақстан азаматсыздық бойынша 1954 және 1961 жылдардағы конвенцияларға қатысушы болып табылатын басқа мемлекеттер қатарына қосыла алады деп санайды.

Осы талдауды қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде шығаруға мүмкіндік берген барлық әріптестер мен сарапшыларға, аудармашылар мен редакторларға алғыс айтуға рұқсат етіңіздер. Оның тұжырымдары мен ұсынымдары азаматтықтың болмауын қысқарту мен оның алдын алуда, сондай-ақ Қазақстан Республикасында азаматтығы жоқ адамдарды қорғауда тұрақты прогресті қолдайтынына сенімдімін.

Ханс Фридрих Шоддер

Біріккен Ұлттар Ұйымының босқындар ісі жөніндегі

Жоғарғы комиссарының өкілі

2023 жылдың мамыры, Астана

АЗАМАТТЫҚ ЖӘНЕ АЗАМАТТЫҒЫ ЖОҚТЫҚ МӘСЕЛелЕРІ ЖӨНІНДЕГІ ҰЛТТЫҚ ЗАҢНАМАНЫҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ СТАНДАРТТАРҒА СӘЙКЕСТІГІН ТАЛДАУ

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ СТАНДАРТ

1. Мемлекеттер өз азаматығын басқаша жағдайда азаматтығы жоқ болатын өз аумағында туылған кез-келген адамға береді
(Азаматтығы жоқтықты қысқарту туралы 1961 жылғы Конвенция, 1-бап)

ҰЛТТЫҚ ЗАҢНАМА

«Қазақстан Республикасының азаматтығы туралы» Қазақстан Республикасының Заңы, 11-1-бап

«Бала туған кезде ата-анасының екеуі де шет мемлекеттің азаматы болса, ол туған жеріне қарамастан Қазақстан Республикасының азаматы болып табылмайды.»

«Қазақстан Республикасының азаматтығы туралы» Қазақстан Республикасының Заңы, 12-бап

«Ата-анасының азаматтығы әртүрлі болып, бала туған кезде олардың біреуі Қазақстан Республикасының азаматы болған жағдайда бала:

- 1) Қазақстан Республикасының территориясында туса;
- 2) Қазақстан Республикасынан тыс жерде туса, бірақ, ата-анасының немесе олардың біреуінің бұл кезде Қазақстан Республикасы территориясында тұрақты тұрғылықты жері болса, ол Қазақстан Республикасының азаматы болып табылады».

«Бала туған кезде ата-анасының біреуі Қазақстан Республикасы азаматтығында болып, ал екіншісі азаматтығы жоқ адам болса, не оның азаматтығы белгісіз болса, бала қай жерде туғанына қарамастан Қазақстан Республикасының азаматы болып табылады».

ҰЛТТЫҚ ЗАҢНАМАНЫ ТАЛДАУ

Ұлттық заңнамаға сәйкес, ата-анасының екеуі де азаматтығы жоқ адамдар немесе ел аумағынан табылған баланың ата-анасы белгісіз жағдайларды қоспағанда, Қазақстан Республикасының аумағында туған баланы оның азаматы деп танудың міндетті шарты ата-анасының біреуінің азаматтық тиесілігі болып табылады (3-стандартты қараңыз). Заң Қазақстан Республикасының аумағында туған баланың ата-анасы шетелдік азаматтар болып табылатын, бірақ өз елдерінің азаматтығы туралы заңнамада көзделген заңды негіздер бойынша балаға өз азаматтығын бере алмайды. Мысал ретінде Ұлыбританиядан тыс жерде туылған және Ұлыбритания азаматтығын Ұлыбританиядан тыс жерде туылған екінші немесе кейінгі ұрпаққа бере алмайтын британдық азаматтарды қарастыруға болады. Осылайша, Қазақстанның ұлттық заңнамасы халықаралық стандартқа әлі толық сәйкес келмейді және сирек кездесетін жағдайларға ғана қатысты, бірақ бүкіл әлемде азаматтығы жоқтықты жою үшін қажетті шағын өзгерістер енгізу өз пайдасын тигізеді.

ҰСЫНЫМДАРЫ

Ұлттық заңнаманы халықаралық стандартқа сәйкес келтіру мақсатында қолданыстағы заңнаманы жақсарту және онда ел аумағында туған адам, егер олай болмаған жағдайда ол азаматтығы жоқ адам болса/болып қалса, сөзсіз азамат болып есептелетін ережені көздеу ұсынылады.

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ СТАНДАРТ

2. Мемлекеттер олардың аумағында туған азаматтығы жоқ балаларға азаматтық береді (Азаматтығы жоқтықты қысқарту туралы 1961 жылғы Конвенция, 2-бап; 2014-24 жж. БҰҰ БЖКБ, Азаматтықтың болмауын жою жөніндегі жаһандық іс-қимыл жоспары, 2-ші іс-қимыл)

ҰЛТТЫҚ ЗАҢНАМА

«Қазақстан Республикасының азаматтығы туралы» Қазақстан Республикасының Заңы, 14-бап

«Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын жері бар, азаматтығы жоқ адамдардың Қазақстан Республикасының аумағында туған баласы Қазақстан Республикасының азаматы болып табылады.»

ҰЛТТЫҚ ЗАҢНАМАНЫ ТАЛДАУ

«Қазақстан Республикасының азаматтығы туралы» Заңына сәйкес елдің аумағында туған, ата-анасы азаматтығы жоқ адамдар болып табылатын және Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұрғылықты жері бар бала азамат деп танылады; бұл азаматтығы жоқ адамдар балаларының азаматтығын айқындау бөлігінде Заңмен реттелетін жалғыз нақты жағдай. Заңнама Қазақстан Республикасының аумағында туған, ата-анасы елдің аумағында уақытша болатын азаматтығы жоқ адамдар (немесе қандай да бір мемлекеттің азаматтығына тиесілігін растамайтын адамдар) болып табылатын баланың азаматтығы мәселелерін реттемейді.

Осылайша, ұлттық заңнама халықаралық стандартқа ішінара сәйкес келеді, өйткені ол елде тұрақты тұратын азаматтығы жоқ адамдарда туылған балаларға ғана азаматтық береді және азаматтығы жоқ адамдарда, оның ішінде қандай да бір мемлекеттің азаматтығына жататындығын растамайтын адамдарда туылған барлық балаларға кепілдік бермейді.

ҰСЫНЫМДАРЫ

Ұлттық заңнаманы халықаралық стандартқа сәйкес келтіру мақсатында қолданыстағы заңнаманы жақсарту және онда Қазақстан Республикасы өз аумағында туған, басқа елдің азаматтығын ала алмайтын балаларға автоматты түрде азаматтық беретін норманы көздеу ұсынылады. Ата-аналардың тұрақты тұруы туралы талап сияқты осы норманы іске асыру үшін қосымша жағдайлар жасамау орынды.

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ СТАНДАРТ

3. Мемлекеттер өз территориясынан табылған шығу тегі белгісіз балаларға азаматтық береді (табылған)

(Азаматтығы жоқтықты қысқарту туралы 1961 жылғы Конвенция, 2-бап)

ҰЛТТЫҚ ЗАҢНАМА

«Қазақстан Республикасының азаматтығы туралы» Қазақстан Республикасының Заңы, 13-бап

«Ата-анасының екеуі де белгісіз Қазақстан Республикасы территориясындағы бала Қазақстан Республикасының азаматы болып табылады.»

«Қазақстан Республикасындағы Баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының Заңы, 1-бап, 2) тармақша

«Бала» - он сегіз жасқа (кәмелетке) толмаған адам».

ҰЛТТЫҚ ЗАҢНАМАНЫ ТАЛДАУ

Ұлттық заңнама халықаралық стандартқа сәйкес келеді. Қолданыстағы заңнамаға сәйкес мемлекет ел аумағында жүрген және ата-анасы белгісіз барлық балаларды азаматтар ретінде таниды.

ҰСЫНЫМДАРЫ

Ұсыныстар жоқ.

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ СТАНДАРТ

4. Мемлекеттер шетелде туылған және басқа елдің азаматтығын ала алмайтын өз азаматтарының баласына азаматтық береді

(Азаматтығы жоқтықты қысқарту туралы 1961 жылғы Конвенция, 4-бап)

ҰЛТТЫҚ ЗАҢНАМА

«Қазақстан Республикасының азаматтығы туралы» Қазақстан Республикасының Заңы, 11-бап

«Бала туған кезде ата-анасының екеуі де Қазақстан Республикасының азаматы болса, ол туған жеріне қарамастан Қазақстан Республикасының азаматы болып табылады.»

«Қазақстан Республикасының азаматтығы туралы» Қазақстан Республикасының Заңы, 12-бап

«Ата-анасының азаматтығы әртүрлі болып, бала туған кезде олардың біреуі Қазақстан Республикасының азаматы болған жағдайда бала:

- 1) Қазақстан Республикасының территориясында туса;
- 2) Қазақстан Республикасынан тыс жерде туса, бірақ, ата-анасының немесе олардың біреуінің бұл кезде Қазақстан Республикасы

территориясында тұрақты тұрғылықты жері болса, ол Қазақстан Республикасының азаматы болып табылады.

Ата-анасының азаматтығы әртүрлі болып, бала туған кезде олардың біреуі Қазақстан Республикасының азаматы болған жағдайда, егер осы кезде ата-анасының екеуінің де Қазақстан Республикасынан тыс жерде тұрақты тұрғылықты жері болса, Қазақстан Республикасынан тыс жерде туған баланың азаматтығы ата-анасының жазбаша түрде білдірген келісімі бойынша анықталады.

Бала туған кезде ата-анасының біреуі Қазақстан Республикасы азаматтығында болып, ал екіншісі азаматтығы жоқ адам болса, не оның азаматтығы белгісіз болса, бала қай жерде туғанына қарамастан Қазақстан Республикасының азаматы болып табылады.

Баланың анасы азаматтығы жоқ адам болып, ал әкесі Қазақстан Республикасының азаматы деп танылып, әкелігі анықталған ретте 14 жасқа толмаған бала қай жерде туғанына қарамастан Қазақстан Республикасының азаматы болады. Бұл бала Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде тұрақты тұрған ретте оның азаматтығы ата-анасының жазбаша арызы бойынша анықталады. Егер ата-ана баланың азаматтығы туралы келісімге келе алмаса, азаматтық сот тәртібімен айқындалады.»

ҰЛТТЫҚ ЗАҢНАМАНЫ ТАЛДАУ

Ұлттық заңнамада Қазақстан азаматтары/резиденттері елден тыс жерде туған балалардың азаматтығына байланысты бірнеше жағдай қарастырылған.

Бұл заңнамалық нормалар елден тыс жерде туылған балалардың азаматтығын анықтауға байланысты бірқатар жағдайларды қамтығанына қарамастан, көп жағдайда заң ата-аналардың екеуінің де немесе біреуінің белгілі бір жерінде тұрақты тұру түрінде қосымша шартты белгілейтінін атап өткен жөн, бұл өзі осы нормалардың қолдану көлемін азайтады.

Балалар келесі жағдайларда азаматтық ала алмайды:

- әкелікті анықтаған кезде баланың жасы 14 жастан асқан, баланың анасының азаматтығы жоқ, ал әкесі - Қазақстан Республикасының азаматы.

Бұл жағдайларды шешудің тәжірибеде қолданылатын нұсқалары болуы мүмкін, бірақ заңнамада нақты ережелердің болмауы балалардың туылған кезінде азаматтығының болмауы жағдайларына әкелуі мүмкін.

ҰСЫНЫМДАРЫ

Ұлттық заңнаманы халықаралық стандартқа сәйкес келтіру мақсатында қолданыстағы заңнаманы жақсарту және егер бала басқаша жағдайда азаматтығы жоқ адам деп танылатын болса, Мемлекет Қазақстан азаматтарының баласын Қазақстан азаматы деп танитын ережелерді көздеу ұсынылады. Шарттарға қосымша талаптар көзделмеуі тиіс.

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ СТАНДАРТ

5. Мемлекеттер әйелдер мен еркектерге өз балаларына азаматтық беруге және азаматтықты алуға, өзгертуге және сақтауға қатысты бірдей қарайды

(Әйелдерге қатысты кемсітудің барлық нысандарын жою туралы 1979 жылғы Конвенция, 9-бап; Бала құқықтары туралы 1989 жылғы Конвенция, 2-бап; 2014-24 жж. БҰҰ БЖКБ, Азаматтықтың болмауын жою жөніндегі жаһандық іс-қимыл жоспары, 3-іс-қимыл)

ҰЛТТЫҚ ЗАҢНАМА

Қазақстан Республикасының ұлттық заңнамасы әйелдер мен еркектерге өз балаларына азаматтық беруге қатысты және азаматтықты алуға, өзгертуге және сақтауға қатысты бірдей қолданылады.

ҰЛТТЫҚ ЗАҢНАМАНЫ ТАЛДАУ

Ұлттық заңнама халықаралық стандартқа сәйкес келеді – азаматтық мәселелерін реттейтін ұлттық заңнама гендерлік негіздегі кемсітушілік нормаларды қамтымайды.

ҰСЫНЫМДАРЫ

Ұсыныстар жоқ.

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ СТАНДАРТ

6. Ұлттық заңнама кемсітушілік негіздерде азаматтықтан айыруға жол бермейді (Азаматтығы жоқтықты қысқарту туралы 1961 жылғы Конвенция, 9-бап)

ҰЛТТЫҚ ЗАҢНАМА

«Қазақстан Республикасының азаматтығы туралы» Қазақстан Республикасының Заңы, 20-1-бап

«Қазақстан Республикасында әр адамның азаматтық алуға құқығы бар. Қазақстан Республикасында азаматтық осы Заңға сәйкес алынады және тоқтатылады.

Қазақстан Республикасының азаматын азаматтығынан, өзінің азаматтығын өзгерту құқығынан айыруға, сондай-ақ оны Қазақстаннан тыс жерлерге аластауға болмайды.

Террористік қылмыстарды, сондай-ақ салдарынан Қазақстан Республикасының өмірлік маңызы бар мүдделеріне өзге де ауыр зиян келтірген, Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі Ерекше бөлімінің тиісті баптарында көзделген қылмыстарды жасағаны үшін соттың шешімімен ғана Қазақстан Республикасының азаматтығынан айыруға жол беріледі.»

Бұл ереже сондай-ақ ел Конституциясында және тиісті заңға тәуелді актілерде көзделген.

ҰЛТТЫҚ ЗАҢНАМАНЫ ТАЛДАУ

Ұлттық заңнама халықаралық стандартқа сәйкес келеді – Қазақстан Республикасының заңнамасы нәсілдік, этникалық, діни немесе саяси негіздер бойынша кемсітушілік негіздерде азаматтықтан айыруға жол бермейді. Заңнама террористік қылмыстар жасағаны үшін, сондай-ақ елдің өмірлік маңызы бар мүдделеріне өзге де ауыр зиян келтіргені үшін соттың шешімімен азаматтықтан айыруға жол береді.

ҰСЫНЫМДАРЫ

Ұсыныстар жоқ.

7. Ұлттық заңнамада апатридтердің мәртебесі туралы 1954 жылғы Конвенцияның 1(1) бабына сәйкес азаматтығы жоқ адамның анықтамасы бар

ҰЛТТЫҚ ЗАҢНАМА

«Шетелдіктердің құқықтық жағдайы туралы» Қазақстан Республикасының Заңы, 2-бап

«Қазақстан Республикасының азаматтары емес және өзінің басқа мемлекеттің азаматтығына қатысты екендігінің дәлелі жоқ адамдар азаматтығы жоқ адамдар болып танылады.»

ҰЛТТЫҚ ЗАҢНАМАНЫ ТАЛДАУ

Апатридтердің мәртебесі туралы 1954 жылғы Конвенцияға сәйкес, «апатрид» термині кез-келген мемлекет өзінің заңына сәйкес азамат деп санамайтын адамды білдіреді. Бұл анықтама халықаралық әдеттегі құқықтың бір бөлігі болып табылады және конвенцияның қатысушылары болғанына/болмағанына қарамастан, барлық мемлекеттер үшін міндетті.

Керісінше, «Шетелдіктердің құқықтық жағдайы туралы» Қазақстан Республикасының қолданыстағы Заңы «Қазақстан Республикасының азаматтары емес және өзінің **басқа мемлекеттің азаматтығына қатысты екендігінің дәлелі жоқ кез келген адамды азаматтығы жоқ** деп таниды». Алайда, іс жүзінде бұл ұлттық заңды анықтама сөзбе-сөз халықаралық стандартқа сәйкес қолданылмайды және түрлендірмейді: тұлғадан басқа мемлекеттің азаматтығына қатысты *ешқандай дәлелдеменің болмауын* талап етудің орнына (ол шындықты айтқанда және өз ұстанымы туралы анағұрлым толық есеп бергенде және барлық ақылға қонымды, қолжетімді дәлелдемелерді ұсынғанда) мемлекеттік органдар тұлғадан басқа мемлекеттің азаматтығы жоқтығын *дәлелдеуді* талап етеді. Бұл «Шетелдіктердің құқықтық жағдайы туралы» Заңының редакциясына, ҚР-ның Әкімшілік рәсімдік-процесстік кодексінде қарастырылған дәлелдеу ауыртпалығына қатысты теңгеріміне және 1954 жылғы Конвенцияның бағытына қайшы келеді және өтініштерді қарауды негізсіз кешіктіруге әкеледі.

Азаматтығы жоқ адамның қазіргі анықтамасын тәжірибеде сәл ауытқып қолдану елдегі азаматтығы жоқ жағдайлардың өсуіне ықпал етуі мүмкін.

ҰСЫНЫМДАРЫ

Азаматтығы жоқ адамды анықтауды және оның тәжірибеде қолданылуын апатридтердің мәртебесі туралы 1954 жылғы Конвенцияның 1-бабының 1-тармағына толық сәйкес келтіру ұсынылады.

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ СТАНДАРТ

8. Мемлекеттер азаматтығы жоқ адамдарды тұруға рұқсат беретін, адамның негізгі құқықтарының жүзеге асырылуына кепілдік беретін және қоластаны алуға (натурализацияға) ықпал ететін құқықтық мәртебеге әкелетін анықтау рәсімдері арқылы анықтайды

(Апатридтердің мәртебесі туралы 1954 жылғы Конвенция; 2014-24 жж. БҰҰ БЖКБ, Азаматтықтың болмауын жою жөніндегі жаһандық іс-қимыл жоспары, 6-іс-қимыл)

ҰЛТТЫҚ ЗАҢНАМА

Қазақстан Республикасында азаматтығы жоқ адамның мәртебесін айқындаудың арнайы рәсімі заңнамамен бекітілді – «Қазақстан Республикасының аумағындағы жүрген, Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылмайтын және өзінің өзге мемлекеттің азаматтығына жататындығына дәлелдемелері жоқ адамдардың құқықтық мәртебесін анықтау жөніндегі қағидаларды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2020 жылғы 1 қыркүйектегі № 607 бұйрығы.

«2. Қазақстан Республикасының аумағында жүрген, Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылмайтын және өзінің өзге мемлекеттің азаматтығына жататындығына дәлелдемесі жоқ адамдар, азаматтығы жоқ адамдар болып танылады.

3. Азаматтығы жоқ тұлға мәртебесін тағайындау үшін негіздеме тұлғаның, тұрақты тұру мекенжайы бойынша облыстардың, республикалық маңызы бар қалаларының және астананың полиция департаменттері (бұдан әрі – ПД) бірінші басшыларының атына өтінішхатымен жүгінугі болып табылады.»

ҰЛТТЫҚ ЗАҢНАМАНЫ ТАЛДАУ

Апатридтердің мәртебесі туралы 1954 жылғы Конвенция азаматтығы жоқ адамдардың құқықтық режимін белгілейді және мемлекеттерден олардың аумағында азаматтығы жоқ адамдарды анықтау үшін қажетті рәсімдерді

әзірлеуді талап етеді, бұл өз кезегінде азаматтығы жоқ адамдарға тұруға рұқсат алуға және қарапайым адам құқықтарын пайдалануға құқық беруі керек. Бұл мәселеге қатысты Қазақстан Республикасының заңнамасы ішінара халықаралық стандартқа сәйкес келеді – заңнамада азаматтығы жоқ адамның мәртебесін айқындаудың арнайы рәсімі белгіленген.

Қағидалар жеке басты куәландыратын құжаттардың болуына және елде болу заңдылығына қарамастан, өзінің азаматтығы жоқ мәртебесі туралы мәлімдеген кез келген адамның рәсімге қол жеткізуін қамтамасыз етеді.

Алайда, Қағидалардың 12-тармағы Қазақстан Республикасының аумағында жүрген, Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылмайтын және өзінің өзге мемлекеттің азаматтығына жататындығына дәлелдемелері жоқ тұлғаларға қатысты Қазақстан Республикасында тұрақты тұруға рұқсат беру рәсімі жүзеге асырылмайтынын айқындайды. Осы тармаққа сәйкес Қағидаларға сәйкес осындай деп танылған азаматтығы жоқ адамдар, егер олар Қазақстан аумағында бес және одан да көп жыл тұрақты тұрып жатса, өздерінің төлем қабілеттілігін растаусыз тұруға ықтиярхат алады. Алайда өтініш беруші 5 жыл тұрақты тұруын қалай растауға тиіс екендігі туралы түсіндірмелер / нақты түсіндірмелер жоқ (құжаттар тізімі немесе белгілі бір рәсімдер көзделмеген), ал бекітілген Қағидаларда «5 жыл» деген белгі көрсетілмейді / көзделмейді. Тәжірибе көрсеткендей, тұратынын растай алмайтын өтініш берушілерге азаматтығы жоқ адамның мәртебесін белгілеуден бас тартылады.

Ережелер белгілі бір процедуралық кепілдіктерді қамтиды, мысалы, шешім қабылданған және құжаттарды тапсырғаннан кейін 45 күн ішінде ақылға қонымды мерзімде хабарлануы керек; жазбаша шешім алу құқығы және дәлелдеудің жалпы ауыртпалығы.

Ережелер азаматтығы жоқ адамдарға қауіпсіз заңды тұруға мүмкіндік береді, бұл өз кезегінде оларға негізгі құқықтарды пайдалануға және одан әрі азаматтыққа қабылдау туралы жүгінуге қажетті жылдарының санын жинауға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, тұру мәртебесіне қарамастан, барлығына арналған рәсімдерге қолжетімділік, әңгімелесуге қолжетімділік және бірінші сатыдағы теріс шешімге шағым жасау құқығы сияқты маңызды рәсімдік кепілдіктер

Қағидаларда тікелей көзделмеген, ал мұндай процестік кепілдіктер Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінде қамтылады, оның күші Мемлекеттік басқарудың барлық мәселелеріне, оның ішінде азаматтық және азаматтығы жоқ тұлғалардың мәселелеріне де қолданылады.

ҰСЫНЫМДАРЫ

Сот шешімі заңның үстемдігінің маңызды шарты болып табылады. Ұлттық заңнаманы халықаралық стандартқа сәйкес келтіру мақсатында азаматтығы жоқ адамның мәртебесін айқындау рәсімін жақсарту және бес немесе одан да көп жыл бойы тұрақты тұратынын растауға қарамастан, барлығы үшін рәсімге қол жеткізуге тікелей кепілдік беру, сондай-ақ әңгімелесу құқығын және теріс шешімге шағым жасау құқығын көздеу ұсынылады.

Бірінші инстанцияның теріс шешіміне шағымдану құқығы азаматтықты анықтаудың сапалы процедурасын және бірінші инстанция деңгейінде дәлелдемелерді дұрыс бағалауды қамтамасыз етудің маңызды кепілі болып табылады.

Құқықтық айқындық мақсатында қолданыстағы іс жүргізу кепілдіктерінің күшінде қалатындығын азаматтығы жоқ адамның мәртебесін айқындау рәсімінде декларативті растауды қосу орынды болуы мүмкін. Мұндай кепілдіктер (негізінен, бірақ тек қана емес) Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінде, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Адвокаттық қызмет және заң көмегі туралы Заңында қамтылады.

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ СТАНДАРТ

9. Ұлттық заңнамада азаматтығы жоқ адамдарға заңды тұруға рұқсат беру қарастырылған

(Апатридтердің мәртебесі туралы 1954 жылғы Конвенция; 2014-24 жж. БҰҰ БЖКБ, Азаматтықтың болмауын жою жөніндегі жаһандық іс-қимыл жоспары, 6-іс-қимыл)

ҰЛТТЫҚ ЗАҢНАМА

«Жеке басты куәландыратын құжаттар туралы» Қазақстан Республикасының Заңы, 6-бап

«1. Жеке басты куәландыратын құжаттар болып табылады:

- 1) Қазақстан Республикасы азаматының паспорты;
- 2) Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігі;

- 3) шетелдіктің Қазақстан Республикасында тұруына ықтиярхат;
- 4) азаматтығы жоқ адамның куәлігі;
- 5) Қазақстан Республикасының дипломатиялық паспорты;
- 6) Қазақстан Республикасының қызметтік паспорты;
- 7) босқын куәлігі;
- 8) Қазақстан Республикасы теңізшісінің жеке куәлігі;
- 9) шетелдік паспорт;
- 10) қайтып оралуға арналған куәлік;
- 11) туу туралы куәлік.»

«Жеке басты куәландыратын құжаттар туралы» Қазақстан Республикасының Заңы, 11-бап

«1. Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын, он алты жасқа толған азаматтығы жоқ адамдарға азаматтығы жоқ адамның куәлігі беріледі.

2. Азаматтығы жоқ адамның куәлігі Қазақстан Республикасының аумағында және одан тыс жерлерде иесінің жеке басын растау үшін бес жыл қолдану мерзіміне беріледі.

3. Шетелге ата-аналарсыз, қамқоршыларсыз, қорғаншыларсыз шыққан кезде азаматтығы жоқ адамның куәлігі он алты жасқа дейінгі адамдарға беріледі.»

«Халықтың көші-қоны туралы» Қазақстан Республикасының Заңы, 7-бап

«Қазақстан Республикасында тұрақты тұру визасымен уақытша болатын не Қазақстан Республикасымен кірудің және болудың визасыз тәртібі туралы келісім жасасқан мемлекеттерден келген не Қазақстан Республикасында босқын мәртебесі бар шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар, сондай-ақ этностық қазақтар өздеріне берілген визаның санатына қарамастан, тұрақты тұруға арналған рұқсатты алу үшін ішкі істер органдарына өтініш жасайды. Заңнамада белгіленген тәртіппен тұрақты тұруға арналған рұқсатты алуға өтініш жасаған көшіп келушілерге өтінішхатты қарауға қажетті, бірақ күнтізбелік тоқсан күннен аспайтын мерзімге уақытша тұруға арналған рұқсат ресімделеді.»

Шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарға Қазақстан Республикасында уақытша және тұрақты тұруға рұқсат беру қағидалары, 3 және 4-тармақтар (Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2015 жылғы 4 желтоқсандағы № 992 бұйрығымен бекітілген)

3. Қазақстан Республикасында уақытша болатын шетелдіктерге немесе азаматтығы жоқ адамдарға Қазақстан Республикасының Ішкі істер органдары Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 21 қаңтардағы № 148 қаулысымен бекітілген Көшіп келушілердің Қазақстан Республикасына келуінің және болуының, сондай - ақ олардың Қазақстан Республикасынан кетуінің қағидаларына сәйкес кейіннен ұзарта отырып, алынатын рұқсаттың санатына қарай бір жылға дейінгі мерзімге уақытша тұруға рұқсат (бұдан әрі-УТР) береді.

4. Заңның 6-1-бабына сәйкес УТР Қазақстан Республикасында уақытша болатын шетелдіктерге немесе азаматтығы жоқ адамдарға беріледі:

- Заңның 27-бабының 1-тармағында көрсетілген, көшіп келушілер отбасын біріктіру мақсатында келген жеке тұлғалардың өтініштері негізінде;
- көшіп келушімен заңнамада белгіленген тәртіппен еңбек шартын жасасқан жеке және заңды тұлғалардың өтініштері негізінде;
- жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын, оның ішінде білім алушыларды ауыстырудың және даярлық курстарынан өтудің ұйымдастырылған бағдарламалары бойынша көшіп келушілерді күндізгі оқу нысанына есепке алған білім беру ұйымдары;
- көшіп келушілер стационарлық емделуде болатын денсаулық сақтау ұйымдары;
- көшіп келушілер заңнамада белгіленген тәртіппен миссионерлік қызметті жүзеге асыратын діни ұйымдардың;
- жергілікті атқарушы органдар – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру мақсатында келген көшіп келушілер (бизнес-көшіп келушілер).

ҰЛТТЫҚ ЗАҢНАМАНЫ ТАЛДАУ

Қазақстан Республикасында азаматтығы жоқ адамдар жалпы негіздерде тұруға ықтиярхат ала алады; азаматтығы жоқ адамның куәлігі Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын, он алты жасқа толған азаматтығы жоқ адамдарға беріледі.

Қандай да бір мемлекеттің азаматтығына қатыстылығын растамайтын адамдар елде заңсыз болады және басқа мемлекеттердің азаматтығына қатыстылығының жоқтығына дәлелдемелер ұсынылғаннан кейін азаматтықты айқындау рәсімі барысында ғана заңды мәртебеге ие бола алады. Бұл тәжірибе халықаралық стандартқа сәйкес келмейді.

Ақпарат бере алмайтын / тұрғылықты жері немесе елдегі тұрақты тұрғылықты жері бойынша тұрақты тіркелгенін растай алмайтын адамдар елде заңды тұруға рұқсатсыз қалады және елде заңсыз болады. Олар құқықтық мәртебені басқа мемлекеттердің азаматтығы жоқ екендігі туралы дәлелдер ұсынылғаннан кейін азаматтықты анықтау рәсімі аясында ғана ала алады. Бұл тәжірибе халықаралық стандарттарға сәйкес келмейді.

ҰСЫНЫМДАРЫ

Ұлттық заңнаманы халықаралық стандартқа сәйкес келтіру мақсатында олардың азаматтығын растау немесе азаматтығы жоқ адамның мәртебесін айқындау туралы түпкілікті шешім қабылданғанға дейін елде тіркеу/уақытша құқықтық мәртебе беру/тұру мүмкіндігін көздеу ұсынылады.

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ СТАНДАРТ

10. Азаматтығы жоқ адамдардан, тіркелмеген мигранттардан және азаматтығы белгісіз адамдардан туылған балалар туылған кезде тіркеледі және туу туралы куәлік алады

(Бала құқықтары туралы 1989 жылғы Конвенция, 7-бап; Азаматтық және саяси құқықтар туралы 1966 жылғы халықаралық пакті, 24-бап; 2014-2024 жж. БҰҰ БЖКБ, Азаматтықтың болмауын жою жөніндегі жаһандық іс-қимыл жоспары, 6-іс-қимыл)

ҰЛТТЫҚ ЗАҢНАМА

«Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасының Кодексі, 187-бап

«1. Баланың тууын тіркеу үшін туу туралы медициналық куәлік немесе туу фактісін анықтау туралы сот шешімінің көшірмесі негіз болып табылады.

Медициналық ұйымнан тыс жерде, оның ішінде үйде босанған жағдайда, туу туралы медициналық куәлікті анасының жеке басын куәландыратын құжаттарына сәйкес босанғаннан кейін ол өтініш жасаған медициналық ұйымның қызметкері немесе босандырған және жеке медициналық практикамен айналысатын жеке адам ресімдейді.

Тууды мемлекеттік тіркеу кезінде дәлелді себеппен ата-анасының жеке басын куәландыратын құжаттары болмаған жағдайда, ата-анасы туралы мәліметтер неке қию (ерлі-зайыпты болу) туралы куәлікке не неке қию (ерлі-зайыпты болу) туралы акт жазбасына сәйкес толтырылады. Бала медициналық ұйымда туылған және анасының жеке басын куәландыратын құжаттары болмаған жағдайларда, туу фактісін тіркеу кезінде ол туралы мәліметтер анасының өтініші бойынша және туу туралы медициналық куәлікке сәйкес толтырылады, оған анасы туралы мәліметтер өзінің сөзі бойынша жазылғаны туралы белгі қойылады. Азаматтық хал актілеріне ата-анасының атын, әкесінің атын (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілсе), тегін, ұлтын жазу осы Кодекстің 50, 51 және 63-баптарына сәйкес жүргізіледі.

2. Баланың туу туралы медициналық куәлігі баланың анасы туралы барлық қажетті мәліметтерді (тегі, аты, әкесінің аты (егер бар болса), сондай-ақ баланың туған күнін, айын, жылын және жынысын, құжаттың берілген күнін қамтуға тиіс. Куәлік медициналық ұйымның лауазымды адамының қолтаңбасымен және мөрімен расталуға тиіс.»

«Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасының Кодексі, 196-бап.

«1. Тауып алынған, тастанды (бас тартылған) баланың тууы ішкі істер органдарының, қорғаншылық немесе қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын органның, білім беру ұйымдары әкімшілігінің немесе бала орналастырылған медициналық ұйымның өтініші бойынша тауып алынған, бас тартылған немесе қалдырылған күннен бастап жеті тәуліктен кешіктірілмей тіркелуге тиіс.

Өтінішке бала тауып алынған кездегі уақыт, орын және мән-жайлар көрсетіле отырып, ішкі істер органы немесе қорғаншылық немесе қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын орган жасаған хаттама немесе акт; тауып алынған баланың жасы мен жынысын растайтын медициналық ұйым берген құжат және басқа да бала туралы дербес мәліметтер қоса тіркеледі.

2. Медициналық ұйымда баладан бас тартылған жағдайда, осы ұйымның әкімшілігі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген нысан бойынша анасының жазбаша өтінішін ресімдеу жөнінде шаралар қолданады.

3. Баланы белгісіз ана қалдырып кеткен жағдайда медициналық ұйымның әкімшілігі екі куәгердің қатысуымен хаттама жасайды. Тууды мемлекеттік тіркеу кезінде хаттамалар тастанды (ата-анасы бас тартқан) баланы тіркеу туралы медициналық ұйымның лауазымды адамының өтінішіне қоса беріледі.»

«6. Азаматтық хал актілерін мемлекеттік тіркеуді тіркеуші органдар құжат иесінің жеке басын анықтайтын құжаты, тиісті құқықтық мәртебесі бойынша жасайды.

Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын азаматтығы жоқ адам тұрғылықты жері бойынша тіркеу туралы Қазақстан Республикасының ішкі істер органдарының белгісі бар куәлікті ұсынады.

Шетелдік азамат немесе Қазақстан Республикасында уақытша тұратын азаматтығы жоқ адам, оның құзыретті органдары, шетел азаматы немесе азаматтығы жоқ адамның тұрақты тұрғылықты жері бар азаматтың жеке басын куәландыратын құжатты және олардың мәтінінің нотариалды куәландырылған қазақ немесе орыс тіліндегі аудармасын ұсынады.

24. Бала медициналық ұйымда туылған және анасының жеке басын куәландыратын құжаттары болмаған жағдайларда, туу фактісін тіркеу кезінде ол туралы мәліметтер анасының өтініші бойынша және туу туралы медициналық куәлікке сәйкес толтырылады, оған анасы туралы мәліметтер өзінің сөзі бойынша жазылғаны туралы белгі қойылады.»

«Азаматтық хал актілерін мемлекеттік тіркеуді ұйымдастыру, азаматтық хал актілерінің жазбаларына өзгерістер енгізу, қалпына келтіру, күшін жою қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2015 жылғы 25 ақпандағы № 112 бұйрығы.

«Денсаулық сақтау саласындағы есепке алу құжаттамасының нысандарын, сондай-ақ оларды толтыру жөніндегі нұсқаулықтарды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің м.а. 2020 жылғы 30 қазандағы № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығы

"Медициналық туу туралы куәлік № ____ (тіркелетін ұйымдарда ұсынуға беріледі)" № 041/е нысаны (жеке басын куәландыратын құжаттарға сәйкес, олар болмаған кезде – деректер анасының сөздері бойынша толтырылады)

ҰЛТТЫҚ ЗАҢНАМАНЫ ТАЛДАУ

«Неке (ерлі – зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасының Кодексі перзентханада да, одан тыс жерлерде де және үйде де туылған баланың тууын тіркеу тәртібін айқындайды; сондай-ақ бала туған кезде ата-анасының дәлелді себеппен жеке басын куәландыратын құжаттары жоқ баланың тууын тіркеу тәртібін айқындайды-бұл жағдайда ата-аналары туралы деректер баланың ата-анасының некесін тіркегенін растайтын құжаттың негізінде енгізіледі. Кодекс медициналық ұйымда туған балаларды тіркеу жағдайларын реттейді және ананың жеке басын куәландыратын құжаттары болмаған кезде – туу фактісін тіркеу кезінде ол туралы мәліметтер ананың өтініші бойынша және туу туралы медициналық куәлікке сәйкес толтырылады.

Кодекстің қолданыстағы нормаларында (187-бап), ата-анасының жеке басын куәландыратын құжаттары болмаған кезде медициналық ұйымнан тыс жерде дүниеге келген баланың тууын тіркеу жағдайларын реттейтін арнайы құқықтық норма көзделмеген. Заңнама тууды тіркеу үшін қажетті құжаттардың тізбесін айқындайды – азаматтығы жоқ өтініш беруші Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын немесе уақытша болатын - өзінің мәртебесіне сәйкес келетін жеке басты куәландыратын құжаттарды ұсынуға тиіс.

ҰСЫНЫМДАРЫ

Ұлттық заңнаманы халықаралық стандартқа сәйкес келтіру мақсатында «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасының Кодексінде балалар арасында азаматтығы жоқтықты болдырмау мақсатында балалардың тууын уақтылы тіркеуді және оларға туу туралы куәлік беруді қамтамасыз ету үшін ата-аналары азаматтығы жоқ адамдар, тіркелмеген көшіп-қонушылар және азаматтығы белгісіз адамдар болып табылатын балалардың тууын медициналық ұйымнан тыс тіркеу жағдайларын реттеу мақсатында арнайы құқықтық норма көздеу ұсынылады.

Туу туралы медициналық куәліктің нысанын Кодекстің ережелеріне сәйкес келтіру үшін туу туралы медициналық куәліктің берілуін қамтамасыз ету үшін тиісті заңға тәуелді актілерге (Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің м.а. 2020 жылғы 30 қазандағы № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығы) өзгерістер енгізу ұсынылады.

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ СТАНДАРТ

11. Мемлекеттер апатридтер мәртебесі туралы 1954 жылғы Конвенцияға қатысушылар болып табылады

ҰЛТТЫҚ ЗАҢНАМА

Қазақстан Республикасы апатридтер мәртебесі туралы 1954 жылғы Конвенцияға қосылмаған.

ҰЛТТЫҚ ЗАҢНАМАНЫ ТАЛДАУ

Апатридтер мәртебесі туралы 1954 жылғы Конвенцияға қосылу ұлттық заңнаманы халықаралық стандарттарға сәйкес келтіру тұрғысынан маңызды қадам болып табылады. 1954 жылғы Конвенция және оны жоғары дәрежеде ұлттық деңгейде жүзеге асыру азаматтығы жоқ адамдардың негізгі құқықтар мен қызметтерге қолжетімділігін кеңейтеді. Қазақстан қазірдің өзінде адам құқықтары жөніндегі халықаралық құралдардың көпшілігіне қатысушы мемлекет болғандықтан, қосылудың іс-жүзіндегі әсері түбегейлі өзгерістен гөрі декларативті болып табылады. Алайда, қосылу және оны ел ішінде жүзеге асыру азаматтығы жоқтықты азайтып, жеделдетілген және жеңілдетілген натурализацияға жол ашады.

ҰСЫНЫМДАРЫ

Елдің апатридтер мәртебесі туралы 1954 жылғы Конвенцияға қосылуы ұсынылады.

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ СТАНДАРТ

12. Мемлекеттер азаматтығы жоқтықты қысқарту туралы 1961 жылғы Конвенцияға қатысушылар болып табылады

ҰЛТТЫҚ ЗАҢНАМА

Қазақстан Республикасы азаматтықты қысқарту туралы 1961 жылғы Конвенцияға қосылған жоқ.

ҰЛТТЫҚ ЗАҢНАМАНЫ ТАЛДАУ

1961 жылғы Азаматтығы жоқтықты қысқарту туралы конвенцияға қосылу ұлттық заңнаманы халықаралық стандарттарға сәйкес келтіру тұрғысынан маңызды қадам болып табылады. 1961 жылғы Конвенция және оны ұлттық деңгейде жүзеге асыру азаматтығы жоқтықты азайтады және алдын алады. Конвенция елде азаматтық және азаматтығы жоқ салада құқықтық өзгерістердің дұрыс және тиісінше жүргізілуіне, осы саланың халықаралық стандарттарға сәйкес дамуына ықпал ететін маңызды құрал болып табылад.

ҰСЫНЫМДАРЫ

Елдің 1961 жылғы азаматтықты қысқарту туралы конвенцияға қосылуы ұсынылады.

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ СТАНДАРТ

13. Азаматтығы жоқ адамдар туралы сандық және сапалық деректер ашық қолжетімділікте бар

(2014-24 жж БҰҰ БЖКБ, Азаматтықтың болмауын жою жөніндегі жаһандық іс-қимыл жоспары, 10 тармақ)

ҰЛТТЫҚ ЗАҢНАМА

«Ақпаратқа қол жеткізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңы

Тіркелген шетелдіктер мен Қазақстан Республикасына уақытша келетін азаматтығы жоқ адамдардың саны туралы мәліметтер веб-порталда қолжетімді <https://data.egov.kz/>

«Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасының Заңы статистика саласындағы саясатты айқындайды. Егер Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шартта осы Заңда көзделгеннен өзгеше қағидалар белгіленсе, онда халықаралық шарттың қағидалары қолданылады. Заңның 5-бабы арасында «пайдаланушылардың ресми статистикалық ақпаратқа тең қол жеткізуін қамтамасыз ету» мемлекеттік статистиканың қағидадарын айқындайды. Мемлекеттік статистика ҚР Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің сайтында жарияланады <http://stat.gov.kz>

ҰЛТТЫҚ ЗАҢНАМАНЫ ТАЛДАУ

«Ақпаратқа қол жеткізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Деректер жалпы ашық ақпарат болып саналады. Нақты жариялауға және деректердің қол жетімділігіне келетін болсақ, ресми веб-порталдарда тіркелген шетелдіктер мен Қазақстан Республикасында уақытша болатын азаматтығы жоқ адамдардың саны туралы мәліметтер қолжетімді, бірақ азаматтығы жоқ адамдардың саны туралы деректер бөлек бөлінбеген.

«Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес мемлекеттік статистиканың жалпы қабылданған халықаралық стандарттармен келісімділігі мен салыстырмалылығы көзделгенімен, ақпарат жинау әдіснамасына қатысты іс жүзінде олқылықтар қалып отыр.

ҰСЫНЫМДАРЫ

Деректерді жинау практикасын халықаралық стандартқа сәйкес келтіру мақсатында бір жағынан азаматтығы жоқ адамдардың деректерін азаматтығы жоқ саладағы жағдайды бағалауды/талдауды жүзеге асыруға мүмкіндік беретін нысанда және көлемде жинауды және өңдеуді жақсарту ұсынылады; екінші жағынан, азаматтығы жоқ адамдардың статистикасы мүдделі адамдарға ашық және қол жетімді болуы маңызды, яғни ақпарат толық, түсінікті және мүдделі адамдар оңай қабылдауы керек – осыған байланысты веб-порталдарды ақпаратты жариялау құралы ретінде пайдалану құпталады.

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ СТАНДАРТ

14. Азаматтықтан бас тарту/шығу тиісті адамның басқа азаматтығы болған немесе оны алған жағдайлардан басқа кезде азаматтықтан айырылуға әкелмейді.

(Азаматтығы жоқтықты қысқарту туралы 1961 жылғы Конвенция, 7.1-бап)

ҰЛТТЫҚ ЗАҢНАМА

Қазақстан Республикасының азаматтығынан шыққан жағдайда азаматтықты болғызбау кепілдіктері заңнамада белгіленбеген.

ҰЛТТЫҚ ЗАҢНАМАНЫ ТАЛДАУ

«Қазақстан Республикасының азаматтығы туралы» заңда азаматтықты тоқтатудың 3 жағдайы көзделген: 1) азаматтықтан шығу; 2) азаматтықты жоғалту және 3) азаматтықтан айыру; осы жағдайлардың әрқайсысының өз алғышарттары/негіздері бар, бұл жағдайлар адамның азаматтығы жоқ адам болмайтынына кепілдік көздемейді. Баяндалғанды негізге ала отырып, ұлттық заңнама халықаралық стандарттарға сәйкес келмейді.

ҰСЫНЫМДАРЫ

Ұлттық заңнаманы халықаралық стандартқа сәйкес келтіру мақсатында қолданыстағы заңнаманы жақсарту және онда Қазақстан Республикасының азаматтығынан шыққан кезде азаматтығы жоқтықтың алдын алу кепілдіктерін көздеу ұсынылады, оған сәйкес адам басқа елдің азаматтығын алған немесе оны алу процесінде болған жағдайда ғана азаматтықтан шыға алады.

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ СТАНДАРТ

15. Мемлекеттер шетелде ұзақ уақыт тұратын адамдардың азаматтығын тоқтатпайды

(Азаматтығы жоқтықты қысқарту туралы 1961 жылғы Конвенция, 7.4-бап)

ҰЛТТЫҚ ЗАҢНАМА

«Қазақстан Республикасының азаматтығы туралы» Қазақстан Республикасының Заңы, 7-бап

«Қазақстан Республикасы азаматының республикадан тыс жерлерде тұруы Қазақстан Республикасының азаматтығын тоқтатуға әкеп соқтырмайды».

ҰЛТТЫҚ ЗАҢНАМАНЫ ТАЛДАУ

Қазақстан Республикасының азаматтығы туралы заңда азамат Қазақстан Республикасынан тыс жерде тұрған жағдайда азаматтықты тоқтату көзделмеген. Осылайша, ұлттық заңнама халықаралық стандартқа сәйкес келеді.

ҰСЫНЫМДАРЫ

Ұсыныстар жоқ.

16. Мемлекеттер азаматтығы жоқтықты қысқарту туралы 1961 жылғы Конвенцияның 8-бабында баяндалған ерекшеліктерге ғана жол бере отырып, азаматтықтан айыру жағдайларының алдын алады

«Қазақстан Республикасының азаматтығы туралы» Қазақстан Республикасының Заңы, 20-1-бап

«Террористік қылмыстарды, сондай-ақ салдарынан Қазақстан Республикасының өмірлік маңызы бар мүдделеріне өзге де ауыр зиян келтірген, Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі Ерекше бөлімінің тиісті баптарында көзделген қылмыстарды жасағаны үшін соттың шешімімен ғана Қазақстан Республикасының азаматтығынан айыруға жол беріледі.»

«Қазақстан Республикасының азаматтығы туралы» Қазақстан Республикасының Заңы, 21-бап

«Қазақстан Республикасының азаматтығын:

- 1) Қазақстан Республикасының мемлекетаралық шарттарында көзделген реттерді қоспағанда, адамның басқа мемлекетте әскери қызметке қауіпсіздік қызметіне, полицияға, юстиция органдарына немесе өзге де мемлекеттік өкімет және басқару органдарына орналасуы салдарынан;
- 2) егер Қазақстан Республикасының азаматтығы көрінеу жалған мәліметтер немесе жалған құжаттар табыс ету нәтижесінде алынса;
- 3) Қазақстан Республикасының мемлекетаралық шарттарында көзделген негіздер бойынша;
4) бала Финляндияда дүниеге келсе және туған кезде бір шет мемлекеттің азаматтығын алмайтын болса, тіпті кез келген басқа шет мемлекеттің азаматтығын алуға екінші реттік құқығы жоқ болса.

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ СТАНДАРТ

4. Мемлекеттер шетелде туылған және басқа елдің азаматтығын ала алмайтын өз азаматтарының баласына азаматтық береді

Ұлттық заңнаманы халықаралық стандартқа сәйкес келтіру мақсатында қолданыстағы заңнаманы жақсарту және онда Мемлекет елден тыс жерде туған баланы Қазақстанда тұрақты тұратын жерінің бар - жоғына қарамастан, өз азаматтарының (ата-аналардың екеуі де немесе біреуі өз азаматтыры болған жағдайда) азаматы деп танитын ережелерді көздеу ұсынылады. Осы норманы іске асыру үшін қосымша шарттар белгілемеу орынды болып табылады.

ЖАҚСЫ ЗАҢНАМАЛЫҚ ТӘЖІРИБЕЛЕР

Литва

«Азаматтық туралы» Литва Республикасының 2010 жылғы 2 желтоқсандағы Заңының 14-бабы

Баланың ата-анасының екеуі де немесе біреуі Литва Республикасының азаматтары болып табылатын тууы бойынша Литва Республикасының азаматтығын алу

«1. Ата-анасы немесе олардың біреуі Литва Республикасының азаматтары болып табылатын бала Литва Республикасының аумағында немесе одан тыс жерде туылғанына қарамастан, туғаннан кейін Литва Республикасының азаматтығын алады.

2. Бала ата-анасының кем дегенде біреуі Литва Республикасының азаматы болған, бірақ бала туғанға дейін қайтыс болған жағдайда, оның аумағында немесе одан тыс жерде туылғанына қарамастан, Литва Республикасының азаматтығын туған кезде алады.».

Ресей Федерациясы

«Ресей Федерациясының азаматтығы туралы» 2002 жылғы 31 мамырдағы Ресей Федерациясының Федералдық заңының 12-бабы

Тууы бойынша Ресей Федерациясының азаматтығын алу

«1. Егер бала туған кезде:

а) оның ата-анасының екеуі де немесе оның жалғыз ата-анасы Ресей Федерациясының азаматтығына ие (баланың қай жерде туғанына қарамастан) болса бала Ресей Федерациясының азаматтығын алады;» ([сілтеме](#)).

Сербия

Сербия Республикасының «Сербия Республикасының азаматтығы туралы» № 135/04 заңының 9-бабы

«Шетелде туылған бала алады, оның ата - анасының бірі бала туған кезде Сербия Республикасының азаматы, ал екіншісі – шетел азаматы болса, сондай-ақ, ата-анасы оны 18 жасқа дейін Сербия мен Черногорияның құзыретті дипломатиялық консулдығында Сербия Республикасының азаматы ретінде тіркесе және егер ол Сербия Республикасының құзыретті мемлекеттік органына баланы азаматтық тізілімінде тіркеу үшін жүгінсе, шығу тегі бойынша Сербия Республикасының азаматтығын ала алады. Егер баланың қамқоршысы болса, тіркеу мен өтінішті қамқоршы ұсынуы керек. Бала туған кезде ата-анасының бірі Сербия Республикасының азаматы болып табылатын шетелде туған бала, егер ол 1 абзацта көрсетілген шарттар сақталмаған кезде, ол азаматтығы жоқ болып қалған жағдайда, шығу тегі бойынша Сербия Республикасының азаматтығын алады.».

7. Ұлттық заңнама болашақ мемлекеттердің сабақтастығы жағдайында азаматтығы жоқтықтың алдын алады

Ұлттық заңнаманы халықаралық стандартқа сәйкес келтіру мақсатында азаматтық мәселелерін реттейтін арнайы заңда мемлекеттің болашақ құқықтық мирасқорлығы жағдайында мемлекеттің азаматтығы жоқтықтың болмауын болдырмау үшін қажетті шаралар қабылдайтынын мәлімдеу ұсынылады.

ЖАҚСЫ ЗАҢНАМАЛЫҚ ТӘЖІРИБЕЛЕР

Босния мен Герцеговина мен Ресей Федерациясының жақсы халықаралық тәжірибелері мемлекеттердің мұрагерлік жағдайларына байланысты азаматтығы жоқтығын азайту бойынша елдердің күш-жігерін көрсетеді. Өз кезегінде, болашақ құқықтық мирасқорлық жағдайлары салдарынан азаматтығы жоқтығын алдын алудың жақсы тәжірибесінің мысалы аймақтық халықаралық шарт – мемлекеттердің құқықтық мирасқорлығына байланысты азаматтықтың болмауына жол бермеу туралы Еуропа Кеңесінің Конвенциясы болып табылады.

Босния және Герцеговина

1999 жылғы Босния және Герцеговина азаматтығы туралы заң (сілтеме) бұрынғы Югославияның ыдырауынан азаматтығы жоқтықтың алдын алуға кепілдік береді. 37-бапта 1995 жылы желтоқсанда Конституция қабылданғанға дейін Босния және Герцеговина Республикасының азаматтары болған барлық адамдар және 1992 жылдың 6 сәуіріне дейін азаматтар болған адамдар (бұл соғыстың басталуын білдіретін шешуші күн) Босния азаматтары болып табылады. Сонымен қатар, Босния мен Герцеговинада 1992 жылдың 6 сәуірінен бастап өмір сүре бастаған барлық адамдар Азаматтық туралы Заң күшіне енгенге дейін (1998 ж.1 қаңтар) және 1998 ж. қаңтардан кейін кем дегенде екі жыл Босния мен Герцеговинада үздіксіз өмір сүрген адамдар азаматтығын алуға өтініш бере алды.

Ресей Федерациясы

2003 жылдың қараша айында Ресей Федерациясында тұратын бұрынғы КСРО азаматтарының Ресей Федерациясының азаматтығын алуын жеңілдету үшін «Ресей Федерациясының азаматтығы туралы» № 62-ФЗ Федералдық

заңға қосымша түзетулер енгізілді, ол 2002 жылдың 1 шілдесінде күшіне енді (2002 жылғы Азаматтық туралы заң).

Азаматтығы жоқтықтың азаюына әкелген негізгі жағдай 14.4 бапқа қатысты, ол 2003 жылғы түзетулермен енгізілген. Бұл 2002 жылғы Азаматтық туралы заң күшіне енген кезде уақытша немесе тұрақты тұруға рұқсат негізінде бұрынғы кеңес азаматтарын қабылдау арқылы Ресей азаматтығын алуды жеңілдететін уақытша шара болды. Бұл жеңілдетілген қоластына алу процедурасы заңмен үш рет ұзартылды және 2003 жылдан бастап 2009 жылдың маусым айының соңына дейін қолданылды. Ең бастысы, ол Ресей Федерациясында белгісіз азаматтығы бар бұрынғы КСРО азаматтары үшін орындалуы қиын талаптарды, атап айтқанда, бес жыл бойы үздіксіз тұруды растау, төлем қабілеттілігін растау және орыс тілін білу талаптарды жойды. Өтініш берушілер де қоластына алу үшін ақы төлеуден босатылды.

Мемлекеттердің құқықтық мирасқорлығына байланысты азаматтығы жоқ болуға жол бермеу туралы Еуропа Кеңесінің Конвенциясы қатысушы елдері. 2021 жылғы мамырдағы жағдай бойынша 9 ел осы шартқа қол қойды және 7 ел конвенцияны ратификациялады ([сілтеме](#)), оның ішінде: Австрия, Венгрия, Люксембург, Нидерланды, Норвегия, Молдова, Черногория.

2 және 3-баптар мемлекеттердің құқықтық мирасқорлығына байланысты азаматтығы жоқтығына жол бермеу туралы Еуропа Кеңесінің Конвенциясы ([сілтеме](#))

«2-бап-Азаматтық алу құқығы

- Мемлекеттің құқықтық мирасқорлығы кезінде алдыңғы мемлекеттің азаматтығы болған және мемлекеттің құқықтық мирасқорлығы нәтижесінде апатрид болған немесе болатын әрбір адам келесі баптарға сәйкес тиісті мемлекеттің азаматтығына құқылы.
- 3-бап-Азаматтығы жоқтықтың алдын алу
- Мүдделі мемлекет құқықтық мирасқорлық кезінде алдыңғы мемлекеттің азаматтығы болған адамдардың құқықтық мирасқорлық нәтижесінде азаматтығы жоқ адамдар болып қалмауына жол бермеу үшін барлық қажетті шараларды қабылдайды.»

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ СТАНДАРТ

8. Ұлттық заңнамада апатридтердің мәртебесі туралы 1954 жылғы Конвенцияның 1(1) бабына сәйкес азаматтығы жоқ адамның анықтамасы бар

Азаматтығы жоқ адамды анықтауды апатридтердің мәртебесі туралы 1954 жылғы Конвенцияның 1-бабының 1-тармағына сәйкес келтіру ұсынылады.

ЖАҚСЫ ЗАҢНАМАЛЫҚ ТӘЖІРИБЕЛЕР

Әзірбайжан Республикасы

Әзербайжан Республикасының 2013 жылғы 2 шілдедегі заңымен бекітілген Әзербайжан Республикасының Көші-қон кодексінің 3-бабы

Негізгі ұғымдар

«3.0.2. азаматтығы жоқ адам-оның заңына сәйкес қандай да бір мемлекеттің азаматы болып саналмайтын адам;» ([сілтеме](#));

Молдова

Молдова Республикасының азаматтығы туралы 02.06.2000 жылғы Молдова Республикасы заңының 1-бабы

1 бап. Ұғымдар

«Осы Заңның мақсатында келесі ұғымдар мынадай мағынада пайдаланылады: азаматтығы жоқ адам - оның заңы бойынша қандай да бір мемлекеттің азаматы болып саналмайтын адам;» ([сілтеме](#));

Грузия

Грузияның 25.05.2012 жылғы «Шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың құқықтық жағдайы туралы» заңының 2-бабы

Терминдерді түсіндіру

A1) азаматтығы жоқ адамдар – бірде-бір мемлекет өз заңнамасына сәйкес өз азаматтары деп танымайтын адамдар; ([сілтеме](#));

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ СТАНДАРТ

9. Мемлекеттер азаматтығы жоқ адамдарды тұруға рұқсат беретін, адамның негізгі құқықтарының жүзеге асырылуына кепілдік беретін және қоластаны алуға (натурализацияға) ықпал ететін құқықтық мәртебеге әкелетін анықтау рәсімдері арқылы анықтайды

Сот шешімі заңның үстемдігінің маңызды шарты болып табылады. Ұлттық заңнаманы халықаралық стандартқа сәйкес келтіру мақсатында азаматтығы

жоқ адамның мәртебесін айқындау рәсімін жақсарту және бес немесе одан да көп жыл бойы тұрақты тұратынын растауға қарамастан, барлығы үшін рәсімге қол жеткізуге тікелей кепілдік беру, сондай-ақ әңгімелесу құқығын және теріс шешімге шағым жасау құқығын көздеу ұсынылады.

Бірінші инстанцияның теріс шешіміне шағымдану құқығы азаматтықты анықтаудың сапалы процедурасын және бірінші инстанция деңгейінде дәлелдемелерді дұрыс бағалауды қамтамасыз етудің маңызды кепілі болып табылады.

ЖАҚСЫ ЗАҢНАМАЛЫҚ ТӘЖІРИБЕЛЕР

Грузия

Грузия Үкіметінің «Грузиядағы азаматтығы жоқ адамның мәртебесін айқындау тәртібін бекіту туралы» 2014 жылғы 1 қыркүйектегі N° 523 жарлығының 12-бабы

Мәртебесін айқындау жөніндегі шешімдерге шағым жасау тәртібі
«Агенттіктің мәртебені анықтаудан бас тарту немесе мәртебесін тоқтату туралы шешіміне шешім хабарланғаннан кейін бір ай ішінде заңда белгіленген сот тәртібімен шағым жасалуы мүмкін.»;

Молдова

2010 жылғы 16 шілдедегі «Молдова Республикасындағы шетелдіктердің режимі туралы» заңның 874-бабы

874 әңгімелесу

«(1) Өтініш берілгеннен кейін 15 жұмыс күні ішінде шетелдіктер істері жөніндегі құзыретті орган өтініш берушімен әңгімелесу жүргізеді.

(2) Сұхбаттасу кезінде тиісті анықтама жасалады, онда келесі ақпарат болуы керек:

- a) сәйкестендіру деректері (тегі мен аты, бұрынғы тегі мен аты, бұрынғы азаматтығы, жынысы, туған жері мен күні, ата-анасының аты);
- b) өтінішті шешу үшін қажетті кез келген ақпаратты ұсыну фактісі;
- c) ұсынылған құжаттар туралы деректер (құжаттың түрі, нөмірі, қолданылу мерзімі, берілген күні мен орны, құжатты берген органның атауы);
- d) отбасы жағдайы, неке қию орны;

е) қызмет түрі және білімі;

ф) Молдова Республикасында болатын орны.

(3) Әңгімелесу аясында өтініш беруші өтініш беру себептерін көрсетіп, өтінішті қолдау үшін бұрын ұсынылмаған дәлелдерді ұсынуы керек. Бұл міндет туралы өтініш берушіге әңгімелесу басталған кезде хабарланады.

(4) Ілесіп жүрушісі жоқ кәмелетке толмағандармен әңгімелесу олар орналасқан мекеменің мекеме басшылығы тағайындаған өкілінің қатысуымен, ал ілесіп жүретін кәмелетке толмағандармен – ата-анасының бірінің немесе өкілеттігі заңнан немесе заңды актіден туындайтын өкілдің қатысуымен өткізіледі.

(5) Өздеріне қатысты сот қорғау шарасы белгіленген адамдар әңгімелесуде заңға сәйкес тиісінше уақытша қорғаушы, қамқоршы немесе мән-жайлар бойынша қорғаншы бірге жүреді.

(6) Әңгімелесу туралы анықтамаға әңгімелесуді жүргізген өтініш беруші, қызметші, ал егер аудармашы тартылған жағдайда – ол да қол қояды; еріп жүрушісі жоқ кәмелетке толмаған адам жағдайында анықтамаға оның тағайындалған өкілі, ал өзіне қатысты сот қорғау шарасы белгіленген адам жағдайында – уақытша қорғаушы, оның қамқоршысы немесе мән-жайлар бойынша қорғаншы қол қояды.»(сілтеме);

Венгрия

Үшінші елдердің азаматтарына рұқсат беру және тұру құқығы туралы 2007 жылғы II заң және Үкіметтің 114/2007 қаулысы (V. 24.) үшінші елдердің азаматтарына рұқсат беру және тұру құқығы туралы 2007 жылғы II заңды іске асыру туралы

«Алдын-ала тыңдау / сұхбат

Үкімет Қаулысы 161-бөлім.

(1) өтініш берілгеннен кейін немесе есеп беру кезінде, егер өтініш ауызша берілсе,

құзыретті өңірлік басқарма алдын ала тыңдауды өткізеді.

(2) Алдын ала тыңдау барысында құзыретті өңірлік басқарма жазба үшін есеп жасайды:

- a) Заңның 76-бөлімінің (3) бөлімшесіне сәйкес талап етілетін ақпарат іс жүзінде ұсынылғаны және расталғаны;
- b) егер олар өтінішхатта берілмеген болса, мыналар:
 - ba) өтініш берушінің жеке сәйкестендіру деректері (тегі және аты, кез келген алдыңғы аты, тегі және туған кездегі аты, бұрынғы азаматтығы, жынысы, туған жері мен күні, қыздың тегі);
 - bb) жеке деректер және кез келген жол жүру құжаттарындағы деректер (құжаттың және сериялық нөмірдің белгісі, қолданылу мерзімі, берілген орны мен күні, берген органның атауы);
- c) отбасылық жағдайы, некеге тұрған күні;
- d) мамандық және білім;
- e) тұрақты тұратын елде тұрақты немесе уақытша тұру;
- f) Венгрияда тұрақты немесе уақытша тұру немесе тұру орны.

(3) Есепке өтініш беруші, сондай-ақ егер қолданылатын болса, аудармашы және еріп жүретін адамы жоқ кәмелетке толмаған адамға тағайындалған өкіл қол қояды.

Тыңдау / Сұхбат

Үкімет қаулысы 162-бөлім.

(1) Алдын-ала тыңдаудан/сұхбаттан кейін құзыретті аймақтық басқарма толық тыңдау/сұхбат жүргізуі керек.

(2) Осы тыңдауда/сұхбатта өтініш беруші өтініш берудің себептерін ұсынуы керек және әлі ұсынылмаған ісін растайтын кез-келген дәлелдер ұсынуы керек. Өтініш берушіге бұл міндеттеме туралы сот ісін ашу кезінде хабардар етілуі керек.

(3) Егер ілесіп жүрісуші жоқ кәмелетке толмаған баланы ұсыну үшін тағайындалған өкіл тиісті түрде шақырылғанына қарамастан, сот отырысына қатыса алмаса, тыңдау кейінге қалдырылады, бұл туралы қамқоршының органына да хабарланады.»

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ СТАНДАРТ

10. Ұлттық заңнамада азаматтығы жоқ адамдарға заңды тұруға рұқсат беру қарастырылған

Ұлттық заңнаманы халықаралық стандартқа сәйкес келтіру мақсатында олардың азаматтығын растау немесе азаматтығы жоқ адамның мәртебесін айқындау туралы түпкілікті шешім қабылданғанға дейін елде тіркеу/уақытша құқықтық мәртебе беру/тұру мүмкіндігін көздеу ұсынылады.

Молдова

Азаматтығы жоқ адам мәртебесін алуға кандидаттарға олардың өтінімдерін қарау кезінде Молдова Республикасында болу құқығы беріледі және адам ұлттық қауіпсіздік пен қоғамдық тәртіп себептері бойынша ғана аумақтан шығарылуы мүмкін.

2010 жылғы 16 шілдедегі «Молдова Республикасындағы шетелдіктердің режимі туралы» заңның 87³-бабы

«(1) Азаматтығы жоқ тұлға мәртебесіне өтініш беруші мынадай құқықтарды пайдаланады:

- a) өтінішті қараудың бүкіл кезеңі ішінде Молдова Республикасында болуға;
- b) ұлттық қауіпсіздік немесе қоғамдық тәртіп ұғымдары болған жағдайларды қоспағанда, Молдова Республикасының аумағынан әкетілмеуге;»

Грузия

7-бап «Грузиядағы азаматтығы жоқ адамның мәртебесін айқындау тәртібін бекіту туралы» Грузия Үкіметінің 2014 жылғы 1 қыркүйектегі N° 523 Жарлығының 7-бабы

7-бап мәртебе іздеп жүрген адамдардың құқықтық кепілдіктері, құқықтары мен міндеттері

«2. Мәртебесі бойынша әкімшілік іс қарау барысында Грузияда болу кезеңі Грузияға заңсыз келген адамдар үшін заңды болу ретінде қаралады».

3. Грузияда заңсыз болған мәртебе іздеушіні мәртебені анықтау бойынша сот отырысы кезінде Грузиядан шығаруға болмайды.

4. Агенттік мәртебесі туралы өтініш берген тұлғаға бір жыл бойы жарамды уақытша сәйкестендіру карточкасын береді. Мәртебесін айқындау немесе айқындаудан бас тарту туралы шешім қабылданғаннан кейін уақытша сәйкестендіру карточкасы жойылуға тиіс.».

11. Азаматтығы жоқ адамдардан, тіркелмеген мигранттардан және

азаматтығы белгісіз адамдардан туылған балалар туылған кезде тіркеледі және туу туралы куәлік алады

Ұлттық заңнаманы халықаралық стандартқа сәйкес келтіру мақсатында «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасының Кодексінде балалар арасында азаматтығы жоқтықты болдырмау мақсатында балалардың тууын уақтылы тіркеуді және оларға туу туралы куәлік беруді қамтамасыз ету үшін ата-аналары азаматтығы жоқ адамдар, тіркелмеген көшіп-қонушылар және азаматтығы белгісіз адамдар болып табылатын балалардың тууын медициналық ұйымнан тыс тіркеу жағдайларын көздеу ұсынылады.

ЖАҚСЫ ЗАҢНАМАЛЫҚ ТӘЖІРИБЕЛЕР

Ресей Федерациясы

«Азаматтық хал актілері туралы» № 143-ФЗ Федералдық заңының 14-бабының 1-тармағына сәйкес тууды мемлекеттік тіркеу үшін негіз болып табылады:

- оның ұйымдық-құқықтық нысанына қарамастан, босану болған медициналық ұйым берген туу туралы белгіленген нысандағы құжат;
- дәрігері босанған кезде медициналық көмек көрсеткен немесе анасы босанғаннан кейін жүгінген медициналық ұйым не медициналық қызметті жүзеге асыратын дара кәсіпкер берген туу туралы белгіленген нысандағы құжат-медициналық ұйымнан тыс босанған кезде;
- босану кезінде қатысқан адамның медициналық ұйымнан тыс жерде және медициналық көмек көрсетусіз босану кезінде баланың тууы туралы өтініші.

Баланың анасы туралы ақпарат Федералды Заңның 14 - бабында көрсетілген құжаттар негізінде баланың туу туралы акт жазбасына, баланың әкесі туралы ақпарат-ата-анасының неке туралы куәлігі негізінде енгізіледі. Бұл ретте, ананың жеке басын куәландыратын құжаты болмаған жағдайда, туу туралы медициналық куәлік анасының сөздерінен толтырылады, ол туралы медициналық ұйым басшысының қолымен және мөрімен куәландырылған жоғарғы оң жақ бұрышына «анасының сөздерінен» деген белгі қойылады.

Бұл тәжірибе, егер ата-анада (ата-аналарда) медициналық ұйымда немесе одан тыс жерде туылуына қарамастан, қосымша ескертпелерсіз жеке

басын куәландыратын құжаты болмаса да, баланың туғаннан кейін бірден тіркелу құқығын қорғайды. Ресей Федерациясының Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігінің 2011 жылғы 27 желтоқсандағы № 1687н «Туудың медициналық критерийлері, туу туралы құжаттың нысаны және оны беру тәртібі туралы» бұйрығының 20-тармағы

«20. Анасының жеке басын куәландыратын құжаты (кәмелетке толмағандар үшін - туу туралы куәлігі) болмаған жағдайда, тууды мемлекеттік тіркеуді қамтамасыз ету үшін туу туралы медициналық куәліктің 2-4 және 6-тармақтары және туу туралы медициналық куәлік түбіртегінің 2-4-тармақтары анасының сөздерімен толтырылады, ол туралы медициналық ұйым басшысының қолымен және мөрімен куәландырылған, жоғарғы оң жақ бұрышында «анасының сөздерінен» деген белгі қойылуға тиіс;»

Өзбекстан

Өзбекстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысына сәйкес

«Азаматтық хал актілерін тіркеу қағидаларын бекіту туралы» Өзбекстан Республикасының аумағында балалардың тууы олардың туған жері бойынша немесе ата-анасының бірінің тұрғылықты жері бойынша бір ай ішінде АХАЖ органдарында міндетті тіркелуге жатады. Белгіленген бір айлық мерзімді өткізіп алу тууды тіркеу үшін кедергі болып табылмайды.

Тууды тіркеу туу туралы медициналық анықтаманың, ата-анасының отбасылық жағдайы мен жеке басын растайтын құжаттардың және олардың өтініштерінің негізінде жүргізіледі. Баланың тууы туралы арызды оның ата-анасы немесе ата-анасының бірі, ал ерекше жағдайларда туыстары, көршілері немесе ата-анасы уәкілеттік берген немесе ата-анасының біреуі уәкілеттік берген өзге де адамдар, сондай-ақ медициналық мекемелердің, ішкі істер органдарының немесе қорғаншы және қамқоршы органдардың лауазымды адамдары бере алады.

Ерекше жағдайларда ата-анасының біреуінің жеке басын куәландыратын құжаты болмаған кезде АХАЖ органы тууды тіркеуден бас тарта алмайды. Бұл ретте құжаттары жоқ әкесі немесе анасы туралы мәліметтер неке қию туралы немесе бұрынғы балаларының туу туралы куәліктері негізінде көрсетіледі.

Ата-анасының екеуінің де жеке басын куәландыратын құжаттары болмаған кезде баланың туын тіркеу медициналық мекеменің немесе қорғаншылық және қамқоршылық органдарының жазбаша өтініші негізінде жүргізіледі.

Перзентханадан тыс және медициналық көмексіз туған баланың туын тіркеу учаскелік дәрігер (фельдшер немесе акушер) берген медициналық анықтаманың негізінде жүргізіледі. Мұндай жағдайларда баланың туған куәгерлерінің қатысуымен осы анадан жасалған және учаскелік дәрігер (фельдшер немесе акушер) бекіткен акт медициналық анықтама беру үшін негіз болып табылады.

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ СТАНДАРТ

12. Мемлекеттер апатридтер мәртебесі туралы 1954 жылғы Конвенцияға қатысушылар болып табылады

Елдің апатридтер мәртебесі туралы 1954 жылғы Конвенцияға қосылуы ұсынылады.

ЖАҚСЫ ЗАҢНАМАЛЫҚ ТӘЖІРИБЕЛЕР

2021 жылғы 5 мамырдағы жағдай бойынша 23 ел қол қоюшы, 95 ел-конвенцияға қатысушы болып табылады. Ратификациялау, Конвенцияға қосылу және қатысушылар бойынша құқықтық мирасқорлық жөніндегі егжей-тегжейлі ақпарат [сілтеме](#) бойынша қолжетімді

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ СТАНДАРТ

13. Мемлекеттер азаматтығы жоқтықты қысқарту туралы 1961 жылғы Конвенцияға қатысушылар болып табылады

Елдің 1961 жылғы азаматтықты қысқарту туралы конвенцияға қосылуы ұсынылады.

ЖАҚСЫ ЗАҢНАМАЛЫҚ ТӘЖІРИБЕЛЕР

2021 жылғы 5 мамырдағы жағдай бойынша 5 ел қол қоюшы, 76 ел конвенцияға қатысушы болып табылады. Қатысушылар бойынша ратификациялау, Конвенцияға қосылу және құқықтық мирасқорлық бойынша егжей-тегжейлі ақпарат [сілтеме](#) бойынша қолжетімді

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ СТАНДАРТ

15. Азаматтықтан бас тарту/шығу тиісті адамның басқа азаматтығы

болған немесе оны алған жағдайлардан басқа кезде азаматтықтан айырылуға әкелмейді

Ұлттық заңнаманы халықаралық стандартқа сәйкес келтіру мақсатында қолданыстағы заңнаманы жақсарту және онда Қазақстан Республикасының азаматтығынан шыққан кезде азаматтығы жоқтықтың алдын алу кепілдіктерін көздеу ұсынылады, оған сәйкес адам басқа елдің азаматтығын алған немесе оны алу процесінде болған жағдайда ғана азаматтықтан шыға алады.

ЖАҚСЫ ЗАҢНАМАЛЫҚ ТӘЖІРИБЕЛЕР

Финляндия

Финляндия азаматтығы туралы заң 1961 жылғы Конвенцияға сәйкес келеді, оған сәйкес азаматтықтан бас тарту азаматтығы жоқтығына әкелмеуі керек. Финляндияның 2003 жылғы «Азаматтық туралы» заңының 5-тарауының 35-бөлімі ([сілтеме](#)):

35-бөлім Финляндия азаматтығынан шығу

«Сондай-ақ, шет мемлекеттің азаматтығы бар немесе шет мемлекеттің азаматы болғысы келетін Финляндия азаматы өтініш бойынша Финляндия азаматтығынан босатылуы мүмкін. Егер өтінішхат бойынша шешім қабылдау кезінде өтініш беруші әлі шет мемлекеттің азаматы болып табылмаса, ол Финляндия азаматтығынан оның күшіне енуі үшін өтініш берушіден шешімде көрсетілген мерзім ішінде шет мемлекеттің азаматтығын алу туралы анықтаманы ұсыну талап етілетін шешім бойынша ғана босатылуы мүмкін. Шет мемлекеттің азаматтығын алу туралы анықтама ұсынылғаннан кейін осы талапты орындағаны туралы куәлік беріледі».

Молдова

Молдова Республикасының 02.06.2000 жылғы «Молдова Республикасының азаматтығы туралы» Заңының 37-бабы ([сілтеме](#)):

37-бап азаматтықтан шығу үшін қажетті құжаттар

«(1) Молдова Республикасының азаматтығынан шығуға рұқсат алу үшін мынадай құжаттар ұсынылады:

f) басқа мемлекеттің азаматтығын иелену немесе алу фактісін растайтын дәлелдемелер не осындай азаматтықты алу кепілдіктері;

(3) Молдова Республикасының азаматтығынан шыққан ата-аналар балаларына Молдова Республикасының азаматтығын сақтау туралы өтініш бере алады.»

Эстония

Эстония заңнамасы жаңа азаматтығы жоқ жағдайлардың алдын алуға бағытталған, сондықтан азаматтық туралы заңға сәйкес, егер бұл өтініш берушінің азаматтығы болмаса, азаматтықтан шығарудан бас тартылуы мүмкін, басқа мемлекеттің азаматтығы бар екендігі туралы немесе Эстония азаматтығынан шыққан адам басқа мемлекеттің азаматтығын алатыны туралы анықтама беру қажеттілігі қарастырылған.

Эстонияның RT і 1995, 12, 122 «азаматтық туралы» заңының 26-бабы

Эстония азаматтығынан босатуға шектеулер

«Эстония азаматтығынан шығудан бас тартылуы мүмкін, егер:

1) азаматтықтан шығу өтініш берушіні азаматтығы жоқ адам еткен кезде;»

Литва

Литва Республикасының 2010 жылғы 2 желтоқсандағы «Азаматтық туралы» заңының 25-бабы [\(сілтеме\)](#)

25-бап Литва Республикасы азаматының азаматтықтан шығу құқығы

«3. Литва Республикасы азаматының Литва азаматтығынан бас тарту туралы қолдаухаты, егер ол азаматтықсыз қалса, онда ол қаралуға жатпайды.»

«Азаматтық туралы» Литва Республикасының 2010 жылғы 2 желтоқсандағы заңының 43-бабы

43-бап Литва Республикасының азаматтығынан шығу туралы өтініш

«2. Литва Республикасының азаматтығынан шығу туралы өтінішке мынадай құжаттар қоса беріледі:

3) шет мемлекеттің құзыретті органы берген,

адамның осы мемлекеттің азаматтығында екенін немесе

Литва Республикасының азаматтығын жоғалтқаннан кейін осы мемлекеттің азаматтығын алғанын куәландыратын құжат.»

Түркия

«Азаматтық туралы» 29.05.2009 жылғы Түркия заңының 25 (1) бабы [\(сілтеме\)](#)

25-бап Түрік азаматтығынан шығу

«Түрік азаматтығынан шығуға рұқсат сұраған адамдарға Министрлік келесі шарттарды орындаған жағдайда шығуға рұқсат немесе бас тарту туралы құжат береді:

б. басқа мемлекеттің азаматтығына ие болуы немесе адамның басқа мемлекеттің азаматтығын ала алатындығын куәландыратын сенімді дәлелдері болуы керек.»

Украина

«Украина азаматтығы туралы» 2001 жылғы 18 қаңтардағы Украина заңының 18-бабы ([сілтеме](#)) **18-бап Украина азаматтығынан шығу**

«Егер адам басқа мемлекеттің азаматтығын алған болса немесе басқа мемлекеттің уәкілетті органдары берген құжатты алса немесе Украина азаматы, егер ол Украина азаматтығынан шықса, оның азаматтығын алады деген құжатты алған болса, Украина азаматтығынан шығуға рұқсат етіледі.»

Беларусь

«Беларусь Республикасының азаматтығы туралы» 2002 жылғы 1 тамыздағы Беларусь Республикасы заңының 20-бабы ([сілтеме](#))

Беларусь Республикасының азаматтығын тоқтатудан бас тарту үшін негіздер «оның басқа азаматтығы немесе оны алуға кепілдігі жоқ.»

Армения

«Армения Республикасының азаматтығы туралы» Армения Республикасының 1995 жылғы 16 қарашадағы заңының 24-бабы
24-бап Армения Республикасының азаматтығын өзгерту

«Армения Республикасының 18 жасқа толған әрбір азаматы азаматтығын өзгертуге-Армения Республикасының азаматтығынан шығуға және басқа мемлекеттің азаматтығын алуға немесе егер басқа мемлекеттің азаматтығы болса, Армения Республикасының азаматтығынан шығуға құқылы.

Армения Республикасының азаматтығынан шығу туралы азаматтың өтініші, егер:

5) оның басқа мемлекеттің азаматтығы болмаса және Армения Республикасының Президенті Армения Республикасының азаматтығын тоқтату туралы Жарлыққа қол қойғанға дейін шет мемлекеттің құзыретті органы берген осы мемлекеттің азаматтығын алудың құқықтық мүмкіндігі туралы жазбаша растауды (анықтаманы) ұсынбаса, қарастырылмайды.»

Черногория

Черногорияның 2008 жылғы 26 ақпандағы «Черногорияның азаматтығы туралы» заңының 20-бабы ([сілтеме](#))

«Егер тұлға босату туралы өтініш берсе және келесі шарттарды орындаса, Черногория азаматтығынан шығу рұқсат етіледі:

2) оның басқа елдің азаматтығы бар екендігі немесе оған басқа елдің азаматтығы берілетіндігінің дәлелі болған кезде;»

Черногорияның «Черногорияның азаматтығы туралы» заңының 21-бабы

«Егер азаматтықтан шығу туралы жазбаша кепілдік алғаннан кейін екі жыл ішінде ол басқа мемлекеттің азаматтығын алғандығы туралы дәлелдер келтіре алмаса, азаматтықтан шығу рәсімі тоқтатылады.»

Черногорияның «Черногорияның азаматтығы туралы» заңының 23-бабы

«Егер Черногория азаматтығынан босату берілген Черногория азаматы шығу туралы шешімді алғаннан кейін бір жыл ішінде басқа мемлекеттің азаматтығын алмаса, азаматтық мәселелерін шешуге жауапты ұлттық Әкімшілік органы (бұдан әрі - құзыретті орган) осы адамның өтініші бойынша қабылданған шығу туралы шешімнің күшін жою керек.

Черногория азаматтығынан босату туралы шешімнің күшін жою туралы сұрау салу осы баптың 1-абзацында көрсетілген мерзім өткеннен кейін үш ай ішінде берілуі мүмкін.

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ СТАНДАРТ

17. Мемлекеттер азаматтығы жоқтықты қысқарту туралы 1961 жылғы Конвенцияның 8-бабында баяндалған ерекшеліктерге ғана жол бере отырып, азаматтықтан айыру жағдайларының алдын алады

Кемсітпеушілік, мөлшерлестік, әділ сот талқылауы қағидаттарына және азаматтықтан айырылу немесе одан айыру заңсыз іс-әрекеттері жағдайында тиімді құқықтық қорғау құқығына сәйкес азаматтықтан айырылған адамға қатысты одан әрі қадамдарды, азаматтықтан айырылуды және одан айыруды реттейтін егжей-тегжейлі рәсімдерді әзірлеу ұсынылады.

Азаматтықтан айыру және оны жоғалтуға қатысты ұлттық заңнамаға түзетулер енгізу және қабылдау кезінде терроризмге қарсы күрес контексінде азаматтықты жоғалту және одан айыруға қатысты адам құқықтары саласындағы халықаралық стандарттарды қолдану ұсынылады

ЖАҚСЫ ЗАҢНАМАЛЫҚ ТӘЖІРИБЕЛЕР

Нидерланды ([сілтеме](#))

Заңнамада азаматтықты алдау арқылы алған жағдайларды қоспағанда, голланд азаматтығынан айыруға рұқсат етілген жағдайлардың көпшілігінде

азаматтығы жоқтықтың алдын алу кепілдіктері көзделген. Бұл жағдайда айыру азаматтығы жоқтыққа әкелуі мүмкін.

Азаматтығы жоқтыққа әкелетін жағдайларды қоспағанда ұлттық қауіпсіздік себептері бойынша азаматтықтан айыру туралы ережелер қарастырылған. .

Молдова

Молдова азаматтығынан айыру негіздері заңмен белгіленеді және адам азаматтықты алдау арқылы алған, шетелдік армияға қызметке кірген немесе мемлекетке зиян келтіретін ерекше ауыр әрекеттер жасаған жағдайларды қамтиды. Азаматтықтан айыру кепілдігі азаматтықты алдау жолымен алу жағдайларын қоспағанда, азаматтықтан айырудың барлық жағдайларында көзделген.

Молдова азаматтығынан бас тартқан жағдайда азаматтығы жоқтығын алдын алуға кепілдік бар. Азаматтықтан айыру жөніндегі құзыретті орган Президент болып табылады, Президенттің Жарлығына шағымдану және заң көмегі болуы мүмкін.

Молдова Республикасының 02.06.2000 жылғы «Молдова Республикасының азаматтығы туралы» Заңының 23-бабы [\(сілтеме\)](#)

23 бап. Азаматтықтан айыру

«(1) Молдова Республикасы Президентінің Жарлығымен адам Молдова Республикасының азаматтығынан айырылуы мүмкін:

- а) жалған ақпарат беру, елеулі фактіні жасыру жолымен немесе осы заңда не бұрын қолданыста болған азаматтық туралы заңдарда көзделген негіздер болмаса, жалған ақпарат беру жолымен азаматтықты алдап алған;
- б) асқа мемлекеттің Қарулы күштеріне өз еркімен жұмысқа қабылданған;
- с) мемлекетке елеулі залал келтірген аса ауыр іс-әрекет жасаған адам.

(2) Егер а) тармағында көзделген негіздерді қоспағанда, нәтижесінде адам азаматтығы жоқ адам болса, (1) бөлікте көзделген негіздер бойынша азаматтықтан айыруға жол берілмейді.

(3) Молдова Республикасының азаматтығынан айыру азаматтығынан айырылған адамның жұбайы мен балаларының азаматтығын өзгертуге әкелмейді.»

Чехия

Чехия заңнамасында (Чехия азаматтығы туралы 2013 жылғы 11 шілдедегі Заң) азаматтықтан айыру туралы ереже жоқ ([сілтеме](#)).

Азаматтықтан өз еркімен бас тартқан жағдайда, мүдделі адам оның басқа азаматтығы бар немесе бар екенін дәлелдеуге тиіс және осы рәсімде азаматтығы жоқтықтың болмауын болдырмау жөніндегі шаралар көзделуге тиіс. Сондай-ақ, көптеген елдердің заңнамасы террористік іс-әрекетке қатысу негізінде азаматтықтан айыру нормаларын көздемейтінін атап өткен жөн: Литва, Армения Республикасы, Болгария, Эстония, Финляндия, Норвегия, Сербия және т. б.

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ СТАНДАРТ

19. Қандай да бір адамның жұбайы немесе балалары осы адамның азаматтығынан айырылуы немесе осы адамның азаматтығынан айырылуы салдарынан, егер олар өзге мемлекеттің азаматтығын алмаған болса, азаматтығынан айырылмайды

Ұлттық заңнаманы халықаралық стандартқа сәйкес келтіру мақсатында ата-анасы азаматтықтан бас тартқан/шыққан/жоғалтқан жағдайда баланың автоматты түрде шығу/ азаматтығын жоғалту тетігінен бас тарту ұсынылады.

ЖАҚСЫ ЗАҢНАМАЛЫҚ ТӘЖІРИБЕЛЕР

Ресей Федерациясы

«Ресей Федерациясының азаматтығы туралы» 2002 жылғы 31 мамырдағы Ресей Федерациясының Федералдық заңының 9-бабы ([сілтеме](#))

Балалардың азаматтығы

«3. Егер Ресей Федерациясының азаматтығын тоқтату нәтижесінде ол азаматтығы жоқ адам болса, тоқтату мүмкін емес.»

«Ресей Федерациясының азаматтығы туралы» 2002 жылғы 31 мамырдағы Ресей Федерациясының Федералдық заңының 24-бабы. Ата-анасы Ресей Федерациясының азаматтығын алған немесе тоқтатқан кезде баланың азаматтығының өзгеруі

«2. Баланың Ресей Федерациясының азаматтығы оның ата-анасының екеуінің де немесе оның жалғыз ата-анасының азаматтығы тоқтатылған кезде, нәтижесінде бала азаматтығы жоқ адам болмаған жағдайда ғана тоқтатылады.»

«Ресей Федерациясының азаматтығы туралы» 2002 жылғы 31 мамырдағы Ресей Федерациясының Федералдық заңының 25-бабы. Ата-анасының бірі Ресей Федерациясының азаматтығын алған немесе тоқтатқан кезде баланың азаматтығы

«5. Егер ата-аналардың бірінің Ресей Федерациясының азаматтығы тоқтатылса, ал екінші ата-анасы Ресей Федерациясының азаматы болып қалса, олардың баласы Ресей Федерациясының азаматтығын сақтайды. Баланың Ресей Федерациясының азаматтығы Ресей Федерациясының азаматы болып табылатын басқа ата-анасының жазбаша түрдегі келісімі болған кезде және бала азаматтығы жоқ адам болмаған жағдайда ата-анасының біреуінің Ресей Федерациясының азаматтығын тоқтатумен бір уақытта тоқтатылуы мүмкін.».

Литва

Литва Республикасының 2010 жылғы 2 желтоқсандағы «Азаматтық туралы» Заңының 28-бабы ([сілтеме](#))

Баланың азаматтығы, оның ата-анасының екеуі де немесе біреуі Литва Республикасының азаматтығын жоғалтқан кезде

«2. Натурализация нәтижесінде яғни туғаннан басқа Литва Республикасының азаматтығын алған 18 жасқа толмаған баланың ата-анасының екеуі де Литва Республикасының азаматтығынан айырылған жағдайда, нәтижесінде бала азаматтығынан айырылған жағдайларды қоспағанда, Литва Республикасының азаматтығын жоғалтады. Литва Республикасының азаматтығынан айрылу баланы азаматтығынан айырған жағдайларды қоспағанда, 14 жастан 18 жасқа дейінгі бала Литва Республикасының азаматтығынан тек оның келісімімен ғана айырылуы мүмкін.

4. Егер Литва Республикасының азаматтығын алған баланың ата-анасының біреуі азаматтығынан айырылған жағдайда, ал ата-анасының екіншісі Литва Республикасының азаматы болмаса не белгісіз болса, Литва Республикасының азаматтығын туған кезде алмаған 18 жасқа дейінгі бала Литва Республикасының азаматтығынан айырылады, бұған Литва Республикасының азаматтығынан айырылған бала азаматтығы жоқ болып қалатын жағдайлар қосылмайды. Литва Республикасының азаматтығынан айырылған бала азаматтығы жоқ болып қалатын жағдайларды қоспағанда,

14 жастан 18 жасқа дейінгі бала Литва Республикасының азаматтығынан тек оның келісімімен ғана айырылуы мүмкін.».

Молдова Республикасы

Молдова Республикасының 02.06.2000 жылғы «Молдова Республикасының азаматтығы туралы» Заңының 23-бабы ([сілтеме](#))

Азаматтықтан айыру

(3) Молдова Республикасының азаматтығынан айыру азаматтығынан айырылған адамның жұбайы мен балаларының азаматтығын өзгертуге әкелмейді.»

Түрікменстан

«Түрікменстанның азаматтығы туралы» 2013 жылғы 22 маусымдағы Түрікменстан Заңының 18-бабы

Ата-анасының азаматтығы өзгерген кезде балалардың азаматтығының өзгеруі

«2. Егер баланың ата-анасы (жалғыз ата-анасы) Түркіменстан азаматтығынан шықса немесе Түркіменстан азаматтығынан айырылса, бала, егер ол азаматтығы жоқ адам болмаса, Түркіменстан азаматтығынан шығады.».

Армения

«Армения Республикасының азаматтығы туралы» Армения Республикасының 1995 жылғы 16 қарашадағы Заңының 17-бабы

Ата-анасы Армения Республикасының азаматтығын жоғалтқан жағдайда баланың азаматтығы

«Армения Республикасының азаматтығын жоғалтқан ата-аналардың баласы, егер ол басқа мемлекеттің азаматтығын алса, Армения Республикасының азаматтығынан айырылады.»

Латвия

Латвияның 1995 жылғы 16 наурыздағы «Азаматтық туралы» Заңының 24-бабы

Латвия азаматтығынан айыру

«(2) Латвия азаматтығынан айыру осы адамның жұбайының, балаларының немесе басқа отбасы мүшелерінің азаматтығына әсер етпейді.»

20. Мемлекет азаматтығы жоқ адамдарды жеңілдетілген азаматтыққа қабылдау рәсімдері (жеңілдетілген натурализация) арқылы азаматтығы жоқтықты азайтады (жеңілдік: төлемдерді азайту, өтініш берушілер ақылға қонымды тәртіппен ала алмайтын құжаттарды ұсынуға талаптың болмауы, психикалық / физикалық денсаулықты дәлелдеуге талаптың болмауы, тілдік тестке қойылатын талаптың болмауы, нәсіліне, ұлтына, дініне, саяси нанымына, жынысына байланысты кемсітудің болмауы)

Ұлттық заңнаманы халықаралық стандартқа сәйкес келтіру үшін азаматтығы жоқ адамдарды натурализациялау шарттарын жеңілдету, олар үшін басқа, қарапайым тәртіпті орнату ұсынылады. Бұл ұсынылатын құжаттардың аз санынан, төлемді/мемлекеттік баж салығын алып тастаудан, натурализация үшін заңмен белгіленген жалпы талаптарды қысқартудан, азаматтығы жоқ адамдарға басқа құқықтық режимді таратудан көрінеді, олардың қоластына алуға және азаматтығы жоқ адамдардың санын азайтуға ықпал етеді. Азаматтығы жоқ адамдар үшін Қазақстан Республикасының азаматтығын қабылдау үшін заңмен белгіленген бес жылдық тұру цензін қысқартқан жөн.

Норвегия

Норвегияның 2005 жылғы «Норвегия азаматтығы туралы» Заңының 3-тарауының 10-бөлімі ([сілтеме](#))

10-бөлім кез келген басқа азаматтықтан босату туралы талап

«Егер өтініш беруші Норвегия азаматтығына лунәтижесінде басқа азаматтықты автоматты түрде жоғалтпаса, өтініш беруші өтініш қанағаттандырылғанға дейін кез келген басқа азаматтықтан босатылуы керек. Егер өтініш беруші өтінім қанағаттандырылғанға дейін басқа азаматтықтан босатыла алмаса, өтініш беруші Норвегия азаматтығын алғаннан кейін бір жыл ішінде оның кез-келген басқа азаматтықтан босатылғанын құжаттауы керек. Егер өтініш беруші белгілі бір жасқа толғанға дейін басқа азаматтықтан босатыла алмаса, өтініш беруші осы жасқа жеткеннен кейін бір жыл ішінде оның кез-келген басқа азаматтықтан босатылғанын құжаттауы керек. Егер азаматтықтан босату заңды немесе іс жүзінде мүмкін емес деп саналса немесе басқа себептер бойынша негізсіз болып көрінсе, басқа мемлекеттің азаматтығынан шығуды растауға қатысты талаптан босату берілуі мүмкін.»

Болгария

Болгария азаматтығы туралы Заңның 14-бабы 3-бөлімі (сілтеме)

«14 бап. (Өз. - 01 ж. үшін 41 нөмірлі қ.; қосымша-2012 жылғы 21 нөмір) егер азаматтығы жоқ адам 12-баптың, 1, 3, 4 және 5-тармақтардың талаптарына сәйкес келсе және азаматтыққа қабылдауға өтініш берген күніне 3 жылдан кешіктірмей Болгария Республикасында тұрақты немесе ұзақ мерзімді болуға рұқсаты болса, Болгар азаматтығын ала алады.»

Греция

Греция өсіп келе жатқан мемлекеттердің қатарына қосылды, олар азаматтығы жоқ адамдардың азаматтығын алу құқығына ие болу үшін қажетті уақыт мерзімін қысқартты. Өзгертілген Азаматтық кодексінің 5-бабында (3838/2010 Заңы)» азаматтығы арқылы грек азаматы болғысы келетін шет мемлекеттің азаматы болуы керек... қоластына алу туралы өтініш бергенге дейін Грецияда жеті жыл бойы заңды түрде үздіксіз тұру керек»⁴. Бірақ 1(d) - бапта босқындар мен азаматтығы жоқ деп танылған адамдар Грецияда заңды түрде қатарынан үш жыл тұруы керек.

Бразилиа

азаматтық туралы заң бірдей өзгерді-азаматтығы жоқ⁵ адамдар үшін әдеттегі тұру мерзімі⁶ екі есе қысқарды (төрт жылдан екі жылға дейін).

Бразилиа азаматтығы туралы заңға сәйкес заңды тұру қажет емес, бұл азаматтығы жоқ адамдарға қиындық туғызады, олардың көпшілігінде заңды мәртебесі немесе құжаттары жоқ.

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ СТАНДАРТ

27. Мемлекеттер азаматтығы жоқ адамдарды апатридтердің мәртебесі туралы 1954 жылғы Конвенцияның 31-бабына сәйкес жер аударудан қорғауды қамтамасыз етеді

Ұлттық заңнаманы халықаралық стандартқа сәйкес келтіру мақсатында азаматтығы жоқ адамдарды елден шығарып жіберу негіздерін шектеу және азаматтығы жоқ адамның елде тұруы апатридтердің мәртебесі туралы 1954

⁴ 3838/2010 заңының 5 бабын қара, мекенжайы бойынша қолжетімді: <https://bit.ly/3BU1wLT>.

⁵ 2017 жылғы 20 қарашадағы № 9199 Жарлығын, 99 бабын қара, мекенжайы бойынша қолжетімді: <https://bit.ly/3BGQs4j>.

⁶ №13 445 заңының 65 бабын қара, мекенжайы бойынша қолжетімді: <https://bit.ly/3JlW2pD>.

жылғы Конвенцияның 31-бабына сәйкес мемлекеттік қауіпсіздік немесе қоғамдық тәртіп мүдделеріне қайшы келетін ерекше жағдайларда ғана қолдану ұсынылады.

ЖАҚСЫ ЗАҢНАМАЛЫҚ ТӘЖІРИБЕЛЕР

Көптеген елдердің нормативтік практикасы азаматтығы жоқ адамның құқықтық мәртебесін тану рәсімдерінен өтетіндерді ұстаудан аулақ бола отырып, еркін жүріп-тұру құқығын көрсетеді. Молдова мен Черногория заңдары өтініш берушіге елде рәсім кезінде ұстау және шығарып жіберу қауіпсіз қалу құқығын тікелей береді. Парагвайдың тиісті заңында заңсыз кіру немесе болу үшін кез-келген әкімшілік санкциялар (мысалы, ұстау немесе депортация) тоқтатылады делінген. Американың бірқатар мемлекеттері заңсыз кіру немесе тұру үшін санкциялардың болмауы принципін ұстанады (Бразилия, Коста-Рика, Эквадор және Панама). Азаматтығы жоқ адамдардың мәртебесін анықтау рәсімдері бар Американың барлық штаттарында өтініш берушіге елде заңды болу құқығын беретін алдын-ала құжат беру қарастырылған.

АПАТРИДТЕРДІҢ МӘРТЕБЕСІ ТУРАЛЫ КОНВЕНЦИЯ

Экономикалық және әлеуметтік кеңестің
1954 жылғы 26 сәуірдегі 526 А (XVII) Қарарына сәйкес
шақырылған Өкілетті өкілдер конфедерациясы
1954 жылы 28 қыркүйекте қабылдады

Күшіне ену: 1960 жылғы 6 маусым, 39-бапқа сәйкес

ПРЕАМБУЛА

Жоғары Уағдаласушы Тараптар,

Біріккен Ұлттар Ұйымының Жарғысы және Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблеясы 1948 жылы 10 желтоқсанда қабылдаған Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясы барлық адамдар негізгі құқықтар мен бостандықтарды ешқандай кемсітусіз пайдалануы тиіс деген қағиданы белгілегенін назарға ала отырып,

Біріккен Ұлттар Ұйымы апатридтердің тағдырына өзінің терең алаңдаушылығын әлденеше рет көрсеткенін және осы негізгі құқықтар мен бостандықтарды апатридтердің мүмкіндігінше кең пайдалануын қамтамасыз ету үшін күш салғанан назарға ала отырып,

сонымен қатар босқындар болып табылатын апатридтердің 1951 жылғы 28 шілдедегі Босқындардың мәртебесі туралы конвенциямен қамтылғанын және осы Конвенциямен қамтылмаған көптеген апатридтер бар екендігін назарға ала отырып,

апатридтердің жағдайын халықаралық келісіммен реттеу және жақсарту қажеттігін назарға ала отырып,

төмендегі туралы келісті:

1-тарау

ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1-бап - «Апатрид» түсінігінің анықтамасы

1. Осы Конвенцияда «апатрид» термині кез-келген мемлекет өзінің заңына сәйкес азамат деп санамайтын адамды білдіреді.
2. Осы Конвенцияның ережелері:
 - i) қазіргі уақытта Біріккен Ұлттар Ұйымының босқындар ісі жөніндегі Жоғарғы Комиссарынан басқа, Біріккен Ұлттар Ұйымының басқа органдарының немесе мекемелерінің қорғауы мен көмегіне ие адамдарға;
 - ii) өздері тұрып жатқан елдің құзыретті өкіметтері сол елдің азаматтығымен байланысты құқықтар мен міндеттерді оларға қатысты мойындайтын адамдарға;
 - iii) оларға қатысты:
 - a) бейбітшілікке қарсы қылмыс, әскери қылмыс немесе адамзатқа қарсы қылмысты осы әрекеттерге осындай қылмыстарға қатысты шаралар қабылдау мақсатында жасалған халықаралық актілерде берілген анықтамада жасаған;
 - b) өздеріне пана берген елден тыс және олар осы елге кіргенге дейін саяси емес сипаттағы ауыр қылмыс жасаған;
 - c) Біріккен Ұлттар Ұйымының мақсаттары мен қағидаларына қайшы әрекеттерді жасағаны үшін кінәлі деп болжауға елеулі негіздер бар адамдарға қолданылмайды.

2-бап –Жалпы міндеттемелер

УКез-келген апатридтің ол тұрып жатқан мемлекетке қатысты міндеттемелері бар, оларға сәйкес, ол соның ішінде заңдар мен қаулыларға, сонымен қатар қоғамдық тәртіпті сақтау үшін қабылданатын шараларға бағынуы тиіс.

3-бап – Кемсітушілікке жол бермеушілік

Уағдаласушы мемлекеттер осы Конвенцияның ережелерін апатридтерге олардың нәсілі, діні немесе шыққан елі бойынша қандай да болмасын кемсітусіз қолданатын болады.

4-бап - Діни сенімдер

Уағдаласушы мемлекеттер өз аумақтарында тұрып жатқан апатридтерге өз дінін ұстану еркіндігі мен балаларына діни білім беру бостандығына қатысты кемінде өз азаматтарына беретіндей қолайлы жағдай ұсынады.

5-бап - Осы Конвенцияға байланыссыз берілетін құқықтар

Осы Конвенциядағы ешнәрсе қандай да бір Уағдаласушы мемлекет апатридтерге осы Конвенцияға байланыссыз ұсынған құқықтар мен артықшылықтардың ешбірін бұзбайды.

6-бап – «Дәл осындай жағдайларда» тіркесі

Осы Конвенцияда «дәл осындай жағдайларда» тіркесі, олардың табиғатына байланысты апатридтер қанағаттандыра алмайтын талаптарды қоспағанда,

апатрид болмаған жағдайда тиісті құқықты пайдалану үшін осы жеке тұлға қанағаттандыруы тиіс болатын кез-келген талаптарды (оның ішінде елде болу немесе тұру мерзімі мен шарттарына қатысты талаптарды) апатридтің қанағаттанлыруы тиіс дегенді білдіреді.

7-бап – Өзаралық қағидатынан тыс жайттар

